

**Балқаш қаласы білім бөлімінің
«№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-
2026 оқу жылында атқарылған жартыжылдық жұмыстарының есебі**

2025-2026 оқу жылында «Адалазамат» біртұтастәрбие бағдарламасын жүзегеасыруға бағытталған іс-шаралардың І жартыжылдық бойынша әр түрлі бағытта көптеген тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Бұл бағдарлама оқушылардың патриоттық, құқықтық және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ оларды адал, жауапты азаматтар ретінде тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. І жартыжылдықта атқарылған іс-шаралар оқушылардың тәрбие деңгейін көтеріп, оларды адамгершілік құндылықтар мен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу жолында маңызды рөл атқарды.

1. Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы».

01.09.2025 күні Балқаш қаласы білім бөлімінің “12 жалпы орта білім беретін мектебі “ КММ де 1 қыркүйек- Білім күніне арналған “ Мектебім - мейірім мекені” атты салтанатты сап жиыны өтті. 1 қыркүйек - Білім күнімен тұспа-тұс жаңа Келешек мектебінің ашылу салтанаты өтті. Салтанатты ашылу рәсіміне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа білім ордасының алғашқы кілтін мектеп табалдырығын атаған 1- сынып оқушылары мен мектеп директоры м.а Г.М.Манатаеваға табыстады.

Заманауи жабдықталған,жаңа форматтағы мектеп- өскелең ұрпақтың жарқын болашағына жол ашады.

Мектептің басты ерекшелігі – заманауи техникалық жабдықталуы.

Мұнда:

36 оқу кабинеті

Интерактивті сыныптар

STEM зертханалары

Робототехника кабинеттері

Мультимедиялық құралдар бар.

Сонымен қатар, кітапхана мен медиа орталық оқушылар мен мұғалімдерге мол білім қазынасын ұсынады. Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті орта да қарастырылған.Оқу орны тек мемлекеттік тілде білім береді. Бұл – еліміздің білім саясатының негізгі қағидаттарының бірі. Жаңа мектеп барлық қауіпсіздік пен сапа талаптарына сай. «Келешек мектеп» жобасы Балқаштағы оқушы орындарының тапшылығын жойып, өңірдің білім инфрақұрылымын дамытуға зор үлес қоспақ.

Бұл – сапалы білімге қолжетімділік пен қолайлы ортаға деген мемлекеттік қамқорлықтың айқын көрінісі!

https://www.instagram.com/reel/DOD7r2ljLnh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2 қыркүйек №12 жалпы орта білім беретін мектебінің 6 «А» сыныбында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында алғашқы сынып сағаты өтті. Сынып сағаты барысында оқушылар сынып жетекшілерімен, мектептің ішкі ережелерімен танысты.

Сонымен қатар оқушылар тақырыпқа сай биылғы атаулы күндерді еске түсірді. Атаулы күндер: ҚР Конституциясы 30 жыл, Байқоңыр ғарыш айлағына 70 жыл, Абай Құнанбайұлының туғанына 185 жыл. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/DOGdbCMjJZb/?utm_source=ig_web_copy_1&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2025 жылдың 2 қыркүйек күні 2-11 сыныптарға арналған саптық жиын өтті. Мектеп директоры м.а Г.М.Манатаева оқушыларды аптаның жоспарымен, мектептің ішкі ережесімен таныстырып, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

https://www.instagram.com/p/DOGcKB4DDEK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5 қыркүйек- Ұлт көсемі, қазақтың ақыны, Алаш қайраткері- Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай, Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне арналған «Тіл-тұтастық туы» атты 1-11 сыныптар арасында саптық жиын өтті.

Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, өзге ұлт өкілдерінің тілдері мен мәдениетін құрметтеу, жас ұрпаққа көптілділіктің маңызын түсіндіру.

Салтанатты жиын ҚР гимнімен басталып, мектеп директорының м.а Г.М. Манатаева мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі

Ж.М. Иманғалиева қатысушыларды мерекемен құттықтады және онкүндіктің жоспарымен таныстырды.

Мектебіміздің 5-8 сынып оқушылары қазақ, орыс, шет тілінде өлеңдер мен қанатты сөздер оқып, үш тілде ән шырқады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәнерін, танымдық қызығушылықтарын арттыруда пән мұғалімдерінің еңбектерін мақтанышпен атауға болады. Олар: орыс тілі әдебиеті пәні мұғалімі, Г.Б. Шарипова, шет тілі пәні мұғалімі,

Г.Эрдонабат, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: С.Қ.Есмахан, Г.Т. Кенесова.

Салтанатты жиын 1 «А» сынып оқушысы Беркін Фатима Ерсұлтанқызының орындауындағы «Мектебім» әнімен аяқталды, мектеп табалдырынын алғаш аттаған бүлдіршіннің талабына нұр жаусын!

https://www.instagram.com/reel/DONdM4-jEK6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қара жорға» таңғы дене шынықтыру ақпары.

03.09.2025 күні оқушылардың денсаулығын сақтаудың тиімді тәсілін қалыптастыру, оқу белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Қара жорға» таңғы дене шынықтыру жаттығулары ұйымдастырылды. Іс-шараға 5-11 сыныптар толығымен қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DOIHTgCDGSA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

04.09.2025 күні оқушылардың қарым-қатынасын нығайту мақсатында «Бір команда – бір жүрек» атты тренинг өтті.

Оқушылар белсенді қатысты.

Тренинг нәтижесінде оқушылар арасында қарым-қатынасы жақсарды, 11 «А» сыныбында ынтымақтастық орта қалыптасты.

https://www.instagram.com/reel/DOLCa_OjEeb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жасөспірімдер қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыс ақпары.

2025 жылдың 4 қыркүйек күні Балқаш қалалық жасөспірімдер бөлімінің инспекторы полиция капитаны Қоразбаев Н.А. 8-11 сыныптар арасында «Жасөспірім қауіпсіздік жедел профилактикалық іс-шарасын өткізу», «Түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеу», «Жол ережесі», «Жалған шақыру», «Электрлі самокаттар туралы», «Нашақорлыққа қарсы күрес» тақырыптарында түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар аға инспектор полиция капитаны Құсылбеков Б.С. «Суық қару» туралы бейнежазба көрсетіп оқушыларды ақпаратпен таныстырды. Дәріске 8-11 сынып оқушылары арасында жалпы 206 оқушы қатысты.

https://www.instagram.com/p/DOLaIeVjHgs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Дос болайық бәріміз» сынып сағаты ақпары.

«ДосболLIKE» акциясы бойынша 2 «А» сынып оқушыларымен «Дос болайық бәріміз» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылар арасында достық, мейірімділік, сыйластық қарым-қатынасты нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DOL4IWvDKCn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Таза Қазақстан» акциясы ақпары

Табиғат – біздің ортақ үйіміз!

04.09.2025 ж. мектебімізде өткен “Таза Қазақстан” акциясында 5-11 сынып оқушылары мектеп ауласын қоқыстардан тазартып, тазалыққа үлес қосты.

Әрбір кішкентай іс – үлкен болашаққа бастар қадам!

Таза Қазақстан – өзіңнен баста, өзгеге үлгі бол!

https://www.instagram.com/p/DOMCXP-DALF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

4 қыркүйек күні біздің мектепте 6 «А» сынып оқушыларымен «Дос болайық» атты сыныпшылық іс-шара өтті. Оқушылар іс-шараға белсене қатысып, «Дос деген кім?» және «Достың бойында қандай қасиеттер болуы тиіс» деген сұрақтарға жауап іздеді. Әр оқушы өз ойын ағаш жапырақтарының бетіне түсіріп, ағашқа жапсырды.

Іс-шараның негізгі мақсаты: Оқушыларға достық қасиеттерді дәріптеу, көмек көрсете білетін оқушыларды тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/DONR5TcDEvL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тіл-тұтастық туы» саптық жиын ақпары.

5 қыркүйек- Ұлт көсемі, қазақтың ақыны, Алаш қайраткері- Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай, Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне арналған «Тіл-тұтастық туы» атты 1-11 сыныптар арасында саптық жиын өтті.

Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, өзге ұлт өкілдерінің тілдері мен мәдениетін құрметтеу, жас ұрпаққа көптілділіктің маңызын түсіндіру.

Салтанатты жиын ҚР гимнімен басталып, мектеп директорының м.а Г.М. Манатаева мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі

Ж.М. Иманғалиева қатысушыларды мерекемен құттықтады және онкүндіктің жоспарымен таныстырды.

Мектебіміздің 5-8 сынып оқушылары қазақ, орыс, шет тілінде өлеңдер мен қанатты сөздер оқып, үш тілде ән шырқады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәнерін, танымдық қызығушылықтарын арттыруда пән мұғалімдерінің еңбектерін мақтанышпен атауға болады. Олар: орыс тілі әдебиеті пәні мұғалімі, Г.Б. Шарипова, шет тілі пәні мұғалімі, Г.Эрдонабат, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: С.Қ.Есмахан, Г.Т. Кенесова.

Салтанатты жиын 1 «А» сынып оқушысы Беркін Фатима Ерсұлтанқызының орындауындағы «Мектебім» әнімен аяқталды, мектеп табалдырынын алғаш аттаған бүлдіршіннің талабына нұр жаусын!

https://www.instagram.com/reel/DONdM4-jEK6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Менің досым» іс-шарас ақпары.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде “ Досбол LIKE”акциясы аясында мектебіміздің 9”А” сыныбы оқушыларымен “ Менің досым” атты іс-шарасы өтті.

Мақсаты: оқушыларды мектеп мектеп пен сынып ортасында достық қарым-қатынас орнатуға белсенді болуға ынталандыру.

Мектеп ортасында жасампаз ұжымдастық негізінде позитивті қатынастар қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/DONl1HWDD0Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Сыныптағы ең, ең оқушыны... құшақта» тренинг ақпары.

05.09.2025 күні 10 “А” сынып оқушыларымен достықтың маңыздылығымен шынайы белгісін арттыру мақсатында «Сыныптағы ең,ең оқушыны.....құшақта» атты тренинг өтті.

Тренинг нәтижесінде бірін бірі жақынырақ танып, достың адам өміріндегі маңызды екенін ұғынды.

https://www.instagram.com/reel/DONqgoLjLQh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: “Адал азамат” біртұтас тәрбие
2025 жылғы 6 қыркүйекте мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту.

Жиналыс барысында төмендегі маңызды мәселелер талқыланды:

2025–2026 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері;

Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы;

Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібі;

Жасөспірімдер тәрбиесі: ерте жүктіліктің алдын алу, зиянды әдеттердің зияны;

Оқушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі;

Мектеп пен ата-аналардың байланысы, ата-аналар комитетін сайлау;

Жылдық іс-шаралар жоспары.

Жиналыс соңында ата-аналар өз ой-пікірлерін білдіріп, мектеп ұжымы мен ата-аналардың бірлескен жұмысының маңыздылығы атап өтілді.

Қорытындысында жаңа оқу жылындағы міндеттер айқындалып, ата-аналар комитеті бекітілді. Ата-аналар жаңа мектептің ашылуына шашуын шашып, әдемі көңіл күймен тарқасты.

Біз бірлесе отырып, балаларымыздың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін еңбек етеміз!

https://www.instagram.com/reel/DOQxGHGDI2i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы

№12 жалпы білім беретін мектеп базасында 2025 жылы 6 қыркүйек күні 1-11 сыныптарда “Адал азамат” тәрбиелеудегі жауапты ата-ана қолдаушы ұстаз қауіпсіз мектеп тақырыбындағы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде мектеп ата-ана комитетінің бірлескен жұмысын ұйымдастырудың басымдықтары жайында айтылды.

Сынып ата-аналар комитетінің төрағасы мен алқасының сайлау туралы мәселелерді қарады.

Жиналысқа мектеп директоры Г.М.Манатаева тәрбие орынбасарлары,сынып жетекшілер ,ата-аналар қатысты.

https://www.instagram.com/p/DORKDQgDH1y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

4«Б» сыныбы. Алғашқы ата-аналар жиналысы

Мақсаты: Ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың оқу-тәрбие процесіне бірлесіп ықпал ету.

Күн тәртібі:

- 1.Жаңа оқу жылының ерекшеліктері.
- 2.Сыныптың тәрбие және оқу жоспары.
- 3.Үй тапсырмасын орындау мен бақылау жолдары.
- 4.Оқушылардың мектептегі және жолдағы қауіпсіздігі.
- 5.Ата-аналар комитетін сайлау

Сынып жетекші: Сағынтай Айткүл Болатқызы

22 ата-ана қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DORS-JgDPyz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

7«Ә»сыныбы. Сынып жетекшісі: Мақажанов Қанат Тәңірбергенұлы.

Мақсаты: Ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың оқу-тәрбие процесіне бірлесіп ықпал ету.

Күн тәртібі:

- 1.Жаңа оқу жылының ерекшеліктері.
- 2.Сыныптың тәрбие және оқу жоспары.

- 3.Үй тапсырмасын орындау мен бақылау жолдары.
- 4.Оқушылардың мектептегі және жолдағы қауіпсіздігі.
- 5.Ата-аналар комитетін сайлау.
- 6.Әр түрлі мәселелер

Жиналысқа 19 ата-ана қатысты.

Ата-аналар берілген мәліметтерді Отбасы-бала-Мектеп бірлігінің маңызды екенін, «Адал ұрпақ» бағдарламасымен, мектеп ережесі, қауіпсіздік ережелерімен танысып қарсылықтары жоқ екенін айтты. Ата-аналар бір-бірімен танысып, «Даналық мектебі» мүшелері сайланды. Болашақта баланың тәрбиесіне бірлесіп жұмыс істейміз деп риза болып кетті.

https://www.instagram.com/reel/DORUMimjPSe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп»

2025 жылы 6 қыркүйек күні мектебімізде 6 «В» сыныбы бойынша ата-аналар комитетінің І-ші отырысы өтті.

Мақсаты – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту.

Отырыста:

Ата-аналар арасында “Менің құпия қабілеттерім” әдісі арқылы таныстыру жүргізілді;

Мектеп ережелерімен ақпараттандырылды;

“Орын алмастыру” сергіту сәті өткізілді;

“Адал азамат” Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтар ойын арқылы бекітілді;

Балаға сенім мен үміт сыйлауға бағытталған тапсырмалар орындалды.

Жиналыс ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, балаға ортақ қолдау көрсетудің маңызын айқындады.

https://www.instagram.com/reel/DORUmxXDOoj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: “Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы - табысты білім алудың кепілі”

2025 жылы 6 қыркүйек күні 3 “В” сыныбында ата-аналар жиналысы.

Жиналыста отбасы-бала-мектеп бірлігінің маңыздылығы, «Адал ұрпақ» бағдарламасы және мектеп ережесі туралы ақпарат берілді. Бала тәрбиесіне байланысты және ұйымшылдыққа шақыру мақсатында “Нысана”, “Ұшақ”, “Оркестр” тренингтері өтті. Сонымен қатар «Даналық мектебі» мүшелері сайланды.

https://www.instagram.com/reel/DORVo68jEen/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Адал ұрпақ», «Даналық мектебі»

1 «Г» сыныбының ата-аналар жиналысы

2025 жылы 6 қыркүйек күнгі жиналыста ата-аналарымызбен танысып, жаңа оқу жылына байланысты жоспарлар талқыланды.

Жиналыс барысында:

«Адал ұрпақ» бағдарламасымен таныстық;

«Даналық мектебі» жобасы жайлы мағлұмат алдық;

Отбасы құндылықтары жайында пікір алмасып, тәрбиедегі ата-ана рөліне ерекше мән берілді;

Ата-аналар комитеті құрылып, алдағы жұмыстар жоспарланды.

Ата-аналар бұл кездесуді балаларымыздың болашағына жасалған маңызды қадам деп бағалап, бірлік пен түсіністікте өткізген әрбір басқосу – ортақ жетістігіміз екенін атап өтті.

Сынып жетекшісі: Сағынтаева Дамира Болатқызы.

Жиналысқа 17 ата-ана қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DORYHtODHcL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – табысты білім алудың кепілі»

6 «Ә» сыныбының ата-аналар жиналысы.

Мақсаты: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында ата-ана мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту.

Қарастырылған мәселелер:

Біртұтас тәрбие мен ата-ана – мектеп арасындағы байланыс;

Мектеп ережелерін сақтау;

Оқушылардың қауіпсіздігі;

Сынып ата-аналары комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау.

Жиналыс ата-аналардың сауатты әрі белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті.

Балаларымыздың сапалы білім алып, тәрбиелі азамат болып өсуі үшін бірлесе еңбек етеміз!

<https://www.instagram.com/reel/DOS->

[QQxDIP5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DOS-)

«Менің Қазақстаным» оқу аптасы ақпары

2025 жылдың 8 қыркүйегі күні “Адал азамат” Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында апта сайынғы “Менің Қазақстаным” оқу аптасының басталуына орай алғашқы сабақта 5-11 сынып білім алушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады.

https://www.instagram.com/reel/DOU_RluDM2W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұлы Абайдың 180 жылдығына орай жалпыоблыстық диктант ақпары

05 қыркүйек, Қазақстан халқы Тілдері күніне арналған облыстық онкүндік жоспарына, орай, 2-11 сынып оқушыларынан Ұлы Абайдың 180 жыл мерейтойына байланысты жалпыоблыстық диктант алынды.

Мақсаты: Қазақ халқының әдеби мұрасын, ақын шығармашылығын насихаттау, оқушылардың эстетикалық талғамын, функционалдық сауаттылығын дамыту, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру.

Абай шығармаларына негізделген мәтіндер, үзінділер арқылы жүзеге асты.

2-4 сынып оқушылары, «Абайдың балалық шағы», 5-8 сынып оқушылары, «Абай және табиғат», 9-11 сынып оқушылары, «Абай шығармалары – адамзаттың рухани қазынасы» тақырыптарында диктант жазды. Оқушылардың жұмыстары диктант жазу талаптарына сай бағаланды. Жұмыстың түпнұсқалық мәтінмен сәйкестігі және диктанттың грамматикалық ережелері мен сауаттылығына назар аударылды.

Абайдың ғибратты сөздері , шығармалары мен өнегелері жас ұрпаққа үлгі.

https://www.instagram.com/p/DOVRz6jjC35/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сап жиын кезекшілік ақпары

2025 жылдың 08 қыркүйек 5-11 сыныптар арасындағы сап жиында 11 «А» сыныбы кезекшілік ақпарымен таныстырып мектеп ережесін сақтауды, мектеп тазалығын әр оқушы бақылауда ұстау керектігін айтты.

“Отбасы күні” күніне орай апталық жоспарымен таныстырылып, 11”А” сынып оқушылары “ Менің отбасым - менің байлығым” тақырыбында өлеңдер оқып, отбасы құндылығын жоғары бағалауды дәріптеді. Мектеп директоры м.а Г.М.Манатаева оқушыларды ата-ана мен бауырдың қадір -қасиеті жайлы, отбасы құндылықтарын жоғары ұстауды баса айтып кетті.

https://www.instagram.com/reel/DOVhKUoDEFz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Шабыт жобасы: бақытты отбасы ақпары

Шабыт жобасы аясында ұймдастырылған “Бақытты отбасы – бақытты ел” мектебіміздің оқушылары флешмоб ұйымдастырып, отбасы құндылықтары мен бірліктің маңызын би қимылдары арқылы жеткізді.

https://www.instagram.com/reel/DOXzY-IjCuu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Таңертеңгілік сергіту сәті ақпары»

2025 жылы 9 қыркүйек күні №12ЖОББ мектебінде таңертеңгілік сергіту сәті өткізілді.

Мектептегі сергіту сәті – балалардың сабақ үстінде белсенді болып, ойы сергек, денесі ширақ болуына көмектеседі.

Қысқа ғана қимыл-қозғалыс арқылы шаршауды басып, көңіл-күйді көтеріп, жаңа білімге дайындық жасалады.

Күнделікті дене жаттығуларын тұрақты жүргізу – оқушылардың денсаулығын сақтаудың тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл үрдіс олардың оқу белсенділігін арттырып, салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, педагогтердің де дене жаттығуларына

бірлесіп қатысуы оқушылардың қызығушылығын оятып, ортақ мотивацияны арттырады.

https://www.instagram.com/p/DOYGW_ejBfF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қыздар жиналысының ақпары

2025 жылы қыркүйектің 10 күні мектебімізде 8-11 сынып оқушылары арасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мусаханова Д.Ж. мен

“Қызғалдақтар” қыздар клубының жетекшісі Курлыс М.Е. алғашқы қыздар жиналысының отырысын өткізді.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

Мектеп ережелері туралы айтылды;

”Қызғалдақтар” қыздар клубының жылдық жоспары таныстырылды;

Белсенділер тағайындалды;

Өртүрлі мәселер бойынша сұрақтар қойды, кері байланыс орнатылды.

Қыздар да өз ойларымен бөлісіп, ұсыныстар жасады.

https://www.instagram.com/p/DOa5Xl9jMMU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Саналы ата-ана болу іс-шара ақпары

2025жылдың 10 қыркүйек күні, Отбасы күніне орай мектебімізде «Саналы ата-ана болу» тақырыбында іс-шара өтті.

Мектеп психологы Эльвира Досановна ата-аналармен түрлі тренингтер өткізіп, тәжірибелік тапсырмалар орындауға бағыт берді.

Шара барысында ата-аналар отбасы тәрбиесінің маңызы, балаға саналы түрде көңіл бөлу және жағымды қарым-қатынас орнату жолдары жайлы ой бөлісті.

Кездесудің мақсаты – ата-аналардың тәрбиелік рөлін нығайтып, саналы ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу.

https://www.instagram.com/p/DObHcQ9jErV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қауіпсіздік – бәрімізге ортақ!» ақпары

2025 жылы 10 қыркүйекте мектебіміздің «Жас жол инспекторлары» “Жол ережелерін сақтайық!” тақырыбында 1-сынып оқушыларына жол ережелерін түсіндіріп, жол белгілерімен таныстырды.

Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ережелерін дұрыс меңгеріп, қауіпсіздікті сақтауға дағдыландыру.

Оқушыларға жолда жүру мәдениеті, бағдаршамның түстері мен негізгі қауіпсіздік белгілері түсіндіріліп, жолда қауіпсіз жүрудің негізгі ережелері үйретілді.

Аға тәлімгер Ж.Е. Қалымжанова оқушыларға жол ережесін түсіндірді.

https://www.instagram.com/reel/DObZAKPDHQB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Таңғы жаттығу – денсаулық кепілі

2025 жылдың 11 қыркүйегі күні мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімдері оқушыларға арнап таңғы жаттығу ұйымдастырды.

Мақсаты:

- Оқушылардың денсаулығын нығайту;
- Күнді сергек әрі белсенді бастауға дағдыландыру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Дене қимылы арқылы көңіл-күйді көтеру.

Таңғы жаттығуға барлық сынып оқушылары белсене қатысып, спорттық сергектікпен жаңа күнін бастады. Мұндай шаралар оқушыларды ұйымшылдыққа, денсаулықты қадірлеуге және шынығуға тәрбиелейді.

https://www.instagram.com/reel/DOdHoojjHeM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Литературное кафе «Вкус слова» ақпары

11.09.2025 в рамках Недели языков в 7 «Ә» классе прошло внеклассное мероприятие: «Литературное кафе „Вкус слова“», организованное учителем русского языка и литературы Шариповой Гульнур Баймбетовой.

Цель встречи — пробудить интерес к чтению, развить речь, творческое мышление и умение работать в команде.

«Меню кафе» включало интересные задания, литературные вопросы и конкурсы. Особую атмосферу создали ведущая Мұстапа Айару и блогер Жанат Інжу — они справились с ролью блестяще, проявив артистизм, креативность и уверенность.

Мероприятие прошло в тёплой и вдохновляющей обстановке, подарило детям новые впечатления и показало, что литература может быть не только полезной, но и по-настоящему «вкусной».

https://www.instagram.com/reel/DOdzyd5DI4C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Қыздар жиналысының ақпары

2025 жылы қыркүйектің 11 күні мектебімізде 5-7 сынып оқушылары арасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мусаханова Д.Ж.

“Қызғалдақтар” қыздар клубының жетекшілері Курлыс М.Е. мен Есмахан С.Қ. кезекті қыздар жиналысының отырысын өткізді.

Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

Мектеп ережелері туралы айтылды;

”Қызғалдақтар” қыздар клубының жылдық жоспары таныстырылды;

Белсенділер тағайындалды;

Әртүрлі мәселер бойынша сұрақтар қойды, кері байланыс орнатылды.

Қыздар да өз ойларымен бөлісіп, ұсыныстар жасады.

https://www.instagram.com/p/DOfxLnYDCDD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Сау ұрпақ спорттық ойындар ақпары

“Отбасы күні” аясында жоспар бойынша.

мектебімізде «Сау ұрпақ» спорттық ойындары өтті.

Оқушылар түрлі ойындарға қатысып, белсенділік танытып, салауатты өмір салтын насихаттады.

Мақсат – балаларды спортқа баулу және белсенді өмірге ынталандыру.

https://www.instagram.com/p/DOfkA8HjDK9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Жас жол инспекторлары ақпары

Тақырыбы: Жол ережесін білу – қауіпсіздіктің кепілі!

2025 жылдың 12 қыркүйек күні мектебіміздің «Жас жол инспекторлары» ұйымы 3-сыныптарға жол ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар бейнеролик көріп, жол белгілерінің маңызын білді, бағдаршамның түстерін қайталады.

Бұл шара жас жеткіншектердің жолдағы қауіпсіздігін арттыруға, тәртіпті сақтап жүруге тәрбиелейді.

https://www.instagram.com/p/DOgAEdwjM-Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұшқыр ой алаңы

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұшқыр ой алаңы” жобасы негізінде тілдер мерекесіне орай “Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектеп” КММ ұйымдастыруымен “Тіл тағдыры- ел тағдыры” қалалық дебат турниріне мектебіміздің “Келешек” дебат клубының ойыншысы Токшыманов Алан қатысып жүлделі І орынға ие болды.

https://www.instagram.com/p/DOgY8LvDCXr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Лингвистический ринг викторина ақпары

10.09.25 учитель русского языка и литературы Сатмаганбетова С.Н. провела в 6 “Б” классе викторину на тему “Лингвистический ринг”. Цель: углубление знаний учеников по русскому языку, развитие логического мышления, смекалки, воспитание интереса к русскому языку. Ученики выполняли различные задания, отвечали на вопросы. Мероприятие прошло интересно и познавательно.

https://www.instagram.com/p/DOhsajliBdh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Буллингке жол жоқ ақпары

Тақырыбы: “Менің сыныбым буллингке қарсы” челленджі

5 “Ә” сыныбы

Бұл челленджді қолдап, бейбітшілік пен достықты дәріптейміз. Әр бала қауіпсіз ортада, құрмет пен қолдауда өсуі керек.

Мақсаты:

1. Оқушылар арасында достық, сыйластық пен қолдау мәдениетін қалыптастыру.

2. Буллингтің зиянын түсіндіру және оған жол бермеу.

3. Әр балаға қауіпсіз, жайлы орта құру.

Біз бірге — буллингіз мектеп қалыптастыра аламыз!

https://www.instagram.com/reel/DOnwImYDJrb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Буллингке жол жоқ ақпары

Тақырыбы: “Менің сыныбым буллингке қарсы” челленджі

Сынып: 4 «Ә»

Мақсаты: 1. Балалар арасында мейірімділік пен достықты дамыту – бір-бірін сыйлау, қолдау, жылы сөз айтуға үйрету.

2. Буллингтің зиянын түсіндіру – мазақтау, шеттету, күш қолданудың салдарын балаларға жеткізу.

3. Қауіпсіз орта құру – әр оқушы өзін сенімді, қорғалған сезінетіндей жағдай жасау.

4. Әдеп пен жауапкершілікті қалыптастыру – әр балаға «Мен буллингке қарсымын!» деген ойды сіңіру.

5. Бірлік пен ынтымақтастықты нығайту – сыныпты нағыз командаға айналдыру.

Сынып жетекші: Балтабай Мөлдір Серғазықызы

https://www.instagram.com/reel/DOnyh3dDH46/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Буллингке жол жоқ ақпары

Тақырыбы: “Менің сыныбым буллингке қарсы” челленджі
“Өркен” балалардың әл-ауқатын арттыратын ұлттық ғылыми-практикалық институты кеңесімен “ДосболLIKE” білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллинг) алдын алу бағдарламасы аясында “Біз буллингке қарсымыз” челленджіне 9 А сынып оқушылары қатысып, буллингке қарсы пікірлерін білдірді.

Мақсаты:

1. Оқушылар арасында достық, сыйластық пен қолдау мәдениетін қалыптастыру.

2. Буллингтің зиянын түсіндіру және оған жол бермеу.

3. Әр балаға қауіпсіз, жайлы орта құру.

https://www.instagram.com/reel/DOnzzE5DOEX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Буллингке жол жоқ ақпары

Тақырыбы: “Менің сыныбым буллингке қарсы” челленджі2 “А” сыныбы

Сынып сағатының мақсаты:

Оқушылар арасында достық, сыйластық пен бір-бірін қолдау мәдениетін қалыптастыру;

Буллингтің зиянды әсерлерін түсіндіру, оған жол бермеу үшін балалардың санасын көтеру;

Әр оқушының қауіпсіздігін, психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету;

Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге үйрету;

Оқушылардың бойында эмпатия, мейірімділік пен жауапкершілік қасиеттерін дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DOn0ZD6DF5G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Электронды темекі қаншалықты зиян?» жиналыс ақпары

Қазіргі уақытта зиянды әдеттердің алдын-алу бойынша 8-11 сынып оқушыларына профилактикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек орталығының меңгерушісі В.А Омаров “Электронды темекі қаншалықты зиян?” тақырыбында дәріс өткізді.

Мақсаты: Жасөспірімдерді электронды темекіден сақтандыру, зияны туралы ақпараттандыру және дені сау ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу.

Электронды темекі денсаулыққа зиян. Әсіресе жасөспірімдер үшін өте қауіпті. Таза ауа мен салауатты өмір - ең дұрыс тандау.

https://www.instagram.com/reel/DOseZw6jOvV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Қыздармен өткен дәрігер-гинекологпен кездесу» жиналыс ақпары

17 қыркүйек 2025 жыл

Мектебімізде қыздар арасында Актөкен Жақсыгүл Камалқызы, дәрігер-гинекологпен кездесу өтті.

Кездесу барысында дәрігер жасөспірім қыздардың денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты және қыз балаларға тән ерекшеліктер туралы маңызды мәліметтермен бөлісті. Сондай-ақ оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, пайдалы кеңестерін ұсынды.

Бұл шараның мақсаты – қыз балалардың бойында жауапкершілік пен өзін-өзі күту мәдениетін қалыптастыру, олардың денсаулыққа деген оң көзқарасын дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DOsvTPcDFgB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазақстан халқы Тілдері күні іс-шаралары ақпары

Тақырыбы: «Абай әсер еткен Алаш зиялылары» атты қорытынды кеш

Мектебімізде, Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесінің онкүндігі аясында өткізілген іс-шаралар қорытындыланды. Онкүндіктің жабылу салтанатында «Абай әсер еткен Алаш зиялылары» тақырыбында мектеп оқушылары Алаш зиялыларының, қазақтың белгілі ақын-жазушыларының қанатты сөздерін, өлеңдерін мәнерлеп оқу арқылы тіл құдыретін, тіл байлығын дәріптеді.

Өткізілген іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар мен жеңімпаздар сыныптар марапатталды.

Ұйымдастырылған іс-шаралар жас ұрпақтың бойына мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті арттырып, тіл мәртебесін көтеруге үлес қосқан игі қадам болғаны сөзсіз.

https://www.instagram.com/reel/DOtD-61jPYS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі – ортақ міндет»

2025 жылғы 17 қыркүйекте 5 «А», 5 «Ә» сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Бала тәрбиесі – ортақ міндет» атты ата-аналар жиналыс өтті.

Жиналысқа пән мұғалімдері де қатысып, ата-аналар өз сұрақтарын қойып, мектеп – ата-ана – оқушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдары талқыланды. Әр ата-ана отбасы құндылықтары мен тәрбиенің маңызы жайында ой бөлісіп, тренингке белсене қатысты.

Кездесу барысында тоқсандық бағалау жүйесі түсіндіріліп, мектеп ережелері ескертілді.

Ұйымдастырған: Айтбекова И.Д., Есмахан С.Қ.

https://www.instagram.com/p/DOtlanofwX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сейсмо-жаттығу өткізу ақпары

19.09.2025 күні мектебімізде жоспардан тыс сейсмо-жаттығу өткізілді.

Жаттығудың мақсаты – оқушылар мен мұғалімдердің жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру.

Жаттығу барысында Балқаш қаласы ТЖ басқармасының бастығына

Азаматтық қорғау полковнигі Б.Б.Арыстанбеков белгі бергеннен кейін барлық сыныптар қауіпсіз аймаққа эвакуацияланып, мұғалімдер оқушылардың толықтығы тексерілді және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдар пысықталды.

https://www.instagram.com/reel/Doya3xcDE24/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Келешек» дебат клубының ақпары

19.09.2025 ж. “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы “Ұшқыр ой алаңы” жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Декларациясының 35 жылдығына арналған қалалық дебат турниріне мектебіміздің “Келешек” дебат клубы ойыншылары Токшыманов Алан, Мағауия Фатима, Мансурова Айдана қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді.

Жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Ш.С Спатаева

https://www.instagram.com/p/DOymFfIgE-O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ұлдар жиналысының ақпары

2025 жылғы 23 қыркүйек күні «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де ұлдар жиналысы өткізілді. Жиынға сынып жетекшілері, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар мен еңбек пәні, дене шынықтыру мұғалімдері қатысты.

Жиналыс барысында оқушылардың оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу деңгейі, мектеп ережелерін сақтау, сынып пен мектеп ішіндегі тәртіп мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар жасөспірімдердің әдеп мәдениеті, мінез-құлық әдебі, құрдастарымен өзара сыйластық қарым-қатынас орнатуы, мектеп формасын сақтауы және қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысуы жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиын барысында оқушыларға уақытты тиімді пайдалану, бос уақытты мәнді өткізу, спортпен айналысу, зиянды әдеттерден аулақ болу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта атқарылатын жоспарлы іс-шаралар таныстырылып, әрбір оқушының жеке жауапкершілігін арттыру қажеттілігі атап өтілді.

Бұл жиналыс оқушылардың бойында тәртіптілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, оқу мен тәрбиені қатар алып жүруге, мектеп өміріне белсенді араласуына ықпал етті.

https://www.instagram.com/p/DO8c_HiDPMV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – табысты білім алудың кепілі»

25.09.25.ж «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – табысты білім алудың кепілі» тақырыбында 10 «А» сыныбы ата-аналарының жиналысы өтті.

Мақсаты: Отбасы мен мектептің арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың мектепке бейімделуіне көмектесу, ата-ана, мұғалім, мектеп арасында өзара сенім мен түсіністік орнату.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

- 1.Оқушылардың мектепке бейімделуі
- 2.Мектептің ішкі тәртіп ережелері
- 3.Ата-анамен кері байланыс (күнделік, журнал)

Әр ата-ана «Менің балам ерекше, өйткені...» деген сөйлемді жалғастырып, өз баласының ерекше қасиеттері, мінезі, білімі, қызығушылығы, өнері туралы ойларын ортаға салды.

Отбасы мен мектептің өзара әрекетінің басты қызметтері мен міндеттері, отбасы мен мектептің өзара әрекетін ұйымдастыру жолдары туралы ақпарат берілді, ата - ананың балаға деген жауапкершілігі, мектептің ішкі ережелері түсіндірілді.

«Мен ата-ана ретінде мектептен нені қалаймын?» деген сұрақтың төңірегінде өз ойларын ұсыныстарын айтты.

Сынып жетекші: Ж.М.Иманғалиева

https://www.instagram.com/reel/DPDBStliEsu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сергіту жаттығу ақпары

Күніміз сергітуден басталды! №12 жалпы орта білім беретін мектебінде 1 “Б” сынып оқушылары сабақ басталар алдында сергіту жаттығуын орындады.

Көңілді әуенге билеп, қарапайым қимылдарды қайталаған балалардың жүздері шаттыққа толы болды

Мұндай сәттер оқушылардың көңілін көтеріп қана қоймай, сабаққа зейін қойып, белсенділік танытуына көмектеседі

https://www.instagram.com/reel/DPOm40UDNcu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Кәсіп иесімен ашық диалог» атты сұхбат ақпары

23.09.2025 жылы мектебімізде «Кәсіп иесімен ашық диалог» атты сұхбат алаңы ұйымдастырылды. Іс-шараға 10–11 сынып оқушылары, ұстаздар қатысты.

Сұхбат барысында ұстаздар өзінің кәсібін бастау жолдары, кездескен қиындықтары мен жетістіктері туралы әңгімелеп, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Шараның басты мақсаты - жасөспірімдердің кәсіпкерлікке қызығушылығын арттыру, болашақ мамандық таңдауда дұрыс бағыт беру болды. Ұстаздар сұхбат соңында өз ойларымен бөлісіп, алдағы уақытта мамандық таңдауға ниетті оқушыларға пайдалы кеңестер берді.

Бұл кездесу оқушылардың кәсіпкерлікке деген көзқарасын кеңейтіп, болашақта өз жолын таңдауға серпін берді.

Сұрақтарға жауап беріп ой бөліскен мұғалімдер: Шарипова Гулнур Байымбетовна, Дихан Хақназар.

11 сынып оқушылары Мейрамбек Алан, Кумарзак Жарқын, Руслан Бриллиант

Ұйымдастырушылар: Спатаева Ш.С және Курлыс М. Е.

https://www.instagram.com/reel/DPBab8QDEPL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Футбол» турнирінің ақпары

«Ұлттық мектеп лигасы – Футбол. III орын»

22–25 қыркүйек аралығында өткен Ұлттық мектеп лигасының қалалық іріктеу кезеңінде 5–6, 7–8 сынып оқушылары арасындағы “Футбол” турнирінде мектебіміздің командасы жүлделі III орынға ие болды!

Жетекшісі – Сауғанбаев Құралбек Елемесұлы.

Оқушыларымызды шын жүректен құттықтаймыз!

https://www.instagram.com/p/DPBgjmUDA4r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Еңбегі адам жас өрен» ақпары

2025 жылы қыркүйектің 27-сі күні мектебімізде «Еңбегі адал жас өрен» атты әлеуметтік жоба аясында 6”В” сыныбында кәсіптік бағдар берушімен кездесу өтті. Оқушылар өз армандарымен бөлісіп қана қоймай, еңбекқорлық пен адалдықты бағалауға арналған тапсырмаларды орындады.

Оқушыларға:

– «Еңбек – бақтың кілті» ой-толғауын құрастыру;

– Командалық ойындар арқылы адал еңбектің мәнін көрсету тапсырмалары(еңбек туралы мақал-мәтелді жалғастыру, еңбек туралы даналық сөздерді құрастыру) берілді.

Осы тапсырмалар олардың болашаққа деген көзқарасын тереңдетіп, еңбекке деген құрметін арттырды.

https://www.instagram.com/reel/DPQ0TDajAgZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Балалар кітапханасы жобасы» ақпары

29.09.2025ж. оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында 2 А сынып оқушыларымен «Балалар кітапханасы жобасы» аясында ойындар ойнатылып, кітап оқу ұсынылды

https://www.instagram.com/p/DPQ-4oWDKJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2. ҚАЗАН «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ»

Жас жол инспекторлары ақпары

Тақырыбы: Жол ережелерін білу — қауіпсіздік кепілі!

2-4 сынып оқушыларына арнап жол қозғалысы ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шараны мектеп оқушыларынан құралған “Жас жол инспекторлары” ұйымы өткізді. Олар кіші сыныптарға жолда жүру тәртібін, бағдаршам белгілерін және жаяу жүргіншілер ережелерін қызықты әрі түсінікті түрде жеткізді.

Мұндай түсіндіру жұмыстары — балалардың қауіпсіздігін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Балаларымыздың амандығы — басты назарда!

https://www.instagram.com/p/DPTLYdljMhj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қарттар күні» мерекесі ақпары

“1 қазан – Қарттар күніне орай 1 «Г» сыныбы оқушылары аталары мен әжелеріне арнап өздерінің ыстық ықыластарын білдіріп, шағын мерекелік жұмыс дайындады.

Балалар үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді кішкентайынан үйреніп келеді. Барша қарттарымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

https://www.instagram.com/reel/DPQWLYQjK6r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қарттар күні» мерекесі ақпары

1-қазан – Қарттар күні

Бұл күн – өмірдің асыл қазынасы болған қарттарымызға құрмет көрсететін ерекше мереке.

1 «Ә» сыныбының оқушылары ата-әжелеріне арнап суреттер салып, жүрекжарды тілектерін жеткізді

Қарияның батасы – ұрпаққа шамшырақ, қартты сыйлау – болашақты бағалау

Барлық қарияларымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

https://www.instagram.com/reel/DPQxzSLjKX6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қарттар күні» мерекесі ақпары

1 қазан- қарттар күніне орай мектебіміздің мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілері әже-аталарын құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Қадірлі қарттарымыз!

Сіздерді Қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн – сіздердің өмірлік тәжірибелеріңізге, даналығыңызға, төккен еңбегіңізге деген алғысымызды білдіретін күн.

https://www.instagram.com/reel/DPQyd8pDL0o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп асханасындағы брокеражды тексеріс ақпары

2025 жылдың 10 қазан күні №12 мектеп директорының м.а. Г.М. Манатаева, ДТДЖО Д.Ж. Мусаханова, Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.К. Мухамедиева, әлеуметтік педагог Г.Д. Қанат және мектеп президенті Ж. Кәрібек мектеп асханасында кезекті брокеражды тексеріс жүргізді.

Мақсаты: Оқушыларға ұсынылатын тағамдардың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету; Дайын тағамның дәмдік қасиеттерін бағалау; Тамақтану нормалары мен санитарлық талаптардың сақталуын бақылау.

Тексеріс барысында: Тағамның сыртқы түрі, дәмі, иісі, температурасы мен порция көлемі тексерілді; Ас мәзіріне сәйкестігі мен тағам шығуы тіркелді. Бұл тексеріс оқушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз етуге бағытталған.

https://www.instagram.com/reel/DPoITp_DJV_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сап жиыны ақпары

13 қазан 2025 жыл №12 жалпы орта білім беретін мектепте дәстүрлі апталық сап жиыны өтті.

“Менің Қазақстаным” оқу аптасы Мемлекеттік Әнұранмен басталып, өткен аптадағы жұмыстар қорытындыланды.

Белсенді оқушылар мен сыныптар атап өтіліп, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы мен жыр жаттау сайысына қатысқан ұстаздар мен оқушыларға алғыс білдірілді.

Жиын соңында мектеп директоры оқушыларды ұйымшылдыққа, тәртіпке және білімге ұмтылуға шақырды.

https://www.instagram.com/reel/DPvXk2ZDLie/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мемлекеттік рәміздер туралы сауалнама ақпары

Мемлекеттік рәміздер — Тәуелсіздігіміздің нышаны!

Бүгін мектебімізде оқу-тәрбие жұмысы аясында оқушылар арасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне байланысты сауалнама ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты — жас ұрпақтың мемлекеттік рәміздер туралы білімін тереңдету, оларға құрметпен қарауға, елжандылық пен патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың бойында ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ту, Елтаңба, Әнұран — әр қазақ азаматының жүрегінде!

https://www.instagram.com/reel/DPwQJA-DMX1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тұлпар мініп, ту алған» челлендж ақпары

«ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН» челленджі қарқын алуда! №12 жалпы орта білім беретін мектептің 10”А” сынып оқушысы Мағауя Фатима ерлік пен рухқа толы «Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтып, нағыз қазақ қызының рухын көрсетті!

Батырлық жыр- елдік пен намыстың айғағы!

Челленджді қабыл ал, келесі болып сен оқы!

https://www.instagram.com/reel/DPzGYXIDPpO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тұлпар мініп, ту алған» челлендж ақпары

“ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН” облыстық байқауы аясында “Бөгенбай батыр” жырын жатқа айту бойынша челлендж жалғасуда.

6-сынып оқушысы Ержан Айша жырды мәнерлеп орындап, өз қабілетін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DPzKM-HDO4e/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қыран елім – Қазақстаным!» челленджі ақпары

«ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ!» челленджі аясындағы ізгі тілектер

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ел егемендігі мен тәуелсіздігіне жол ашқан тарихи сәт, ұлт рухын асқақтататын мереке!

Барша отандастарымызды осы ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Отанымызға тыныштық, елімізге береке-бірлік тілейміз! Көк байрағымыз мәңгі биікте желбірей берсін!

https://www.instagram.com/reel/DP3l2GWAM_o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Әжелер сөзі – тәрбие көзі» танымдық тәрбиелік шарасы

«Даналық мектебі» жобасы аясында 14 қазан күні «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» атты танымдық-тәрбиелік шара өткізілді.

Мақсаты: әжелер тәрбиесінің ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудегі маңызын ұғындыру; адамгершілікке, инабаттылыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.

Ақ жаулықты әжелер шақырылып, қыз балаларға тағылымды әңгіме айтылды. Ұрпақ бойына әже тәрбиесін сіңіру маңызды. Ата көрген-оқ жонар, әже көрген тон пішер демекші, әжелер өздерінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, қыз балалардың бойында қандай тәлім-тәрбие, қасиет туралы өнегелі әңгімесімен бөлісті. Қыз баланың бойына жастайынан ұлттық құндылықты сіңіруде үлкендердің рөлі ерекше. Сол себепті әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз.

Қорытынды: балалар әжелердің өсиетін тыңдады, әжелерге деген сүйіспеншілігі артты, айналасына мейірімді, қамқор болуды үйренді.

https://www.instagram.com/reel/DP5OMKoiGGL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Атаммен өткен бір күнім» атты ақпары

«Атаммен өткен бір күнім» бейнетаспа шарасы №12 жалпы орта білім беретін мектебінде “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Даналық мектебі» жобасы бойынша оқушылар мен аталар арасындағы ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында «Атаммен өткен бір күнім» атты тәлімдік-тәрбиелік бейнетаспа шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында 1 “Б” сынып оқушылары Бөлеген Ерслан мен Бөлеген Айша өз аталарымен бірге бір күнін мәнді өткізіп, олардың өмірлік тәжірибесі мен еңбек жолы, ұлттық дәстүрлер мен салт-санадан алған тәлімдері жайлы әсерлі сәттерін бейнетаспаға түсіріп ұсынды.

Бейнетаспадағы жылы әсерлер арқылы ата мен бала арасындағы рухани байланыс пен тәлім-тәрбиенің маңызы айқын көрініс тапты. Атамен өткізілген уақыт — әр бала үшін тек тәрбие емес, өмір мектебі.

Аталған шараның басты мақсаты — жас ұрпақ бойына үлкенді құрметтеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасы арасындағы байланыс пен бірлікті нығайтуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DP8vwFXDDxe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Шабыт» жобасы бойынша жетістіктер ақпары

Жетістікке жеткен шәкірттеріміз!

Қазақстан Республикасының Республика күніне орай ұйымдастырылған “Шабыт” жобасы бойынша өткен «Туған өлкем – тұғырым» атты қалалық ән байқауында мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды.

Ән байқауына белсенді қатысқаны үшін арнайы мадақтатамен марапатталғын 6 сынып оқушылары:

Қажымұрат Аяулым, Әлібай Ұлжан Нығыман Гүлайым;

ІІІ орын иеленген Ержан Айша Русланқызын құттықтаймыз!

https://www.instagram.com/p/DQCNN0JLDU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қол күресі жарысы ақпары»

“Адал азамат” жобасы бойынша ағалар арасында қол күрестен жарыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: Адалдыққа, батылдыққа, салауатты өмір салтына баулу және өзара достық қарым-қатынасты дамыту. Салмақ дәрежелері бойынша күш сынасты. Әр қатысушы өз күшін, төзімділігін және намысын көрсетті. Жарыс әділ әрі тартысты өтті.

Нәтижесінде: І орын – Кумарзак Жарқын; ІІ орын – Жазамбек Алдияр; ІІІ орын – Қайырберлі Нұралы. Жеңімпаздар дәрежелі мақтау қағаздарымен марапатталып, барлық қатысушыларға белсенді қатысқаны үшін сертификаттар табысталды.

https://www.instagram.com/reel/DQCN5k-DIQM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Теологпен кездесу ақпары

22 қазан 2025 жыл Бүгін мектебімізде “Балқаш қаласының конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығы” КММ теологі Тұрлыбек Қыдыр 9–11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесуге жалпы 141 оқушы қатысып, жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу, рухани құндылықтарды сақтау, толеранттылық тақырыптарында мағыналы әңгіме өрбіді.

https://www.instagram.com/reel/DQGj_jcDAo8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Егемендік туралы конференция ақпары

Мектебімізде ҚР Мемлекеттік егемендік туралы Декларациясының 35 жылдығына орай “Қазақстан Республикасы Егемендігінің Декларациясы: тарихи сабақтар мен болашақ” қалалық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді. Конференцияға тарихи-саяси бағыты бойынша 9А сынып оқушысы Бекенқызы Әдемі қатысып, жүлделі 2, құқықтық бағыт бойынша 9А сынып оқушысы Мейрам Сағыныш қатысып, жүлделі 3 орынмен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/DQHDZWHjC3D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Республика күніне арналған салтанатты сәт ақпары

Республика күніне арналған салтанатты сәт! №12 мектепте 25 қазан – Республика күніне орай Мемлекеттік Ту көтеріліп, Гимн шырқалды! Шара барасында 2-сыныптың озат оқушылары «Жас қыран» ұйымының мүшесі атанды. Бүлдіршіндер көк галстук тағып, еліміздің лайықты азаматы болуға ант берді! Бұл сәт – нағыз мақтаныш пен патриоттық рухқа толы күн болды!

https://www.instagram.com/reel/DQJweotDIJL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Күзгі демалыс: ойын-сауық ақпары

Күзгі демалыс — көңілді сәттер уақыты! 5-сынып оқушыларының қатысуымен «Бірге көңілді демалайық» атты ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу, бір-бірімен достық қарым-қатынасын нығайту және көңілді демалыс сыйлау. Достық, бірлік және жақсы көңіл күй — біздің ең басты жетістігіміз!

https://www.instagram.com/reel/DQayRLnjHbD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Күзгі демалыс: арт-терапия ақпары

Күзгі демалыс уақытында 5-сынып оқушыларымен Финишта арт-терапия әдісін өткіздім. Балалар қуанышты әрі ынталы болды. Алда тағы да қызықты жұмыстар күтіп тұр!

Мақсаты: Балалардың эмоционалды көңіл-күйін жақсарту, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы олардың психологиялық әл-ауқатын нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DQdYVSojOoU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Бала тәрбиесі: отбасы құндылықтары» ақпары

«Балаға мейіріммен — отбасы құндылықтары мен тәрбиенің негізі» атты кездесу

Іс-шараның мақсаты — ата-аналарға бастауыш жастағы балалардың мінез-құлқы мен эмоционалдық дамуы туралы түсінік беру, отбасындағы жылы қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызын айқындау.

Дөңгелек үстел барысында сынып жетекшісі мен психолог ата-аналармен пікір алмасып, «Мен баламды қалай танимын?» ойыны мен «Жылы сөздер шеңбері» тренингін өткізді. Сонымен қатар, «Отбасындағы жылы сөздің күші» атты бейнеролик көрсетіліп, талқыланды. Кері байланыс кезінде ата-аналар өз ойларын ортаға салып, алдағы кездесулерге ұсыныстарын білдірді. Нәтижесінде: ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайды, жылы қарым-қатынастың бала дамуына әсері кеңінен түсіндірілді.

https://www.instagram.com/p/DQd0IQjABS1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Эссе жазу ақпары

31.10.2025 ж. күні оқушылар арасында «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Әділдік және жауапкершілік» тақырыптарында эссе жазу жұмысы ұйымдастырылды. Мақсаты — оқушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру, отанды сүйуге, әділ әрі жауапкершілікті болуға тәрбиелеу. Эссе

арқылы балалар өз ойларын еркін жеткізіп, өмірлік құндылықтар туралы көзқарастарын білдірді.

https://www.instagram.com/p/DQq-yDCDJI6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

3. ҚАРАША «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК»

«1-4 сыныптар арасындағы саптық жиын» ақпары

2025 жылдың 3 қарашасында мектебімізде 1–4 сынып оқушыларының қатысуымен саптық жиын өткізілді. Жиын барысында 2-тоқсанның басталуы, мектеп ережелері мен тәртіп сақтау мәдениеті туралы айтылды. Оқушылар сапта жүру, ұйымшылдық пен тәртіптілік дағдыларын көрсетті. Сонымен қатар, Республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңі бойынша жүлдегерлер марапатталды!

https://www.instagram.com/reel/DQIMpsoDO3e/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«5-11 сыныптар арасындағы саптық жиын» ақпары

2025 жылдың 3 қарашасында мектебімізде 5–11 сынып оқушыларының қатысуымен саптық жиын өтті. Іс-шара Мемлекеттік Әнұранмен басталып, оқушылар саптағы тәртіп пен ұйымшылдықтарын көрсетті. Күзгі демалыс кезінде түрлі іс-шараларға белсене қатысып, жетістікке жеткен оқушылар марапатталды. Оқу жылының 2-тоқсанында оқушыларға белсенділікпен мектеп абыройын арттыруға сәттілік тіледі.

https://www.instagram.com/reel/DQlRlrZjOZf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Нашақорлыққа жол жоқ!» флешмобының ақпары

2025 жылғы 3 қараша күні Қарағанды облысы білім басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында Балқаш қаласының білім бөлімімен бірлесіп «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ ұйымдастыруымен “12 жалпы орта білім беретін мектебі “КММ де «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты флешмоб өткізілді. Шараға 9-11 сынып оқушылары қатысып, жастар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған флешмоб ұйымдастырылды. Флешмобқа 138 оқушы қатысты. Іс-шара жасөспірімдердің сыни ойлау қабілетін дамытуға, есірткіге қарсы тұрақты теріс көзқарасты қалыптастыруға және оның зияны туралы ақпараттандырылды. Флешмоб барысында қатысушылар өз ұстанымдарын би арқылы білдірді.

https://www.instagram.com/reel/DQl3pyIjMqC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Нашақорлыққа жол жоқ!» бейнефильм ақпары

2025 жылғы 3 қарашада Қарағанды облысының білім басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында балқаш қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -де 9-11 жоғары сынып оқушылары арасында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шара ұйымдастырылды. Оқушылар арасында есірткі заттарының зияны туралы түсінік қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдердің санасында «Нашақорлық – қоғамның қасіреті» екенін ұғындыру. Бейнефильмде нашақорлықтың адам денсаулығына, психикасына, болашағына тигізетін зиянды әсері нақты мысалдармен көрсетіледі. Жасөспірімдердің жат әрекетке еріп кетпеуі үшін алдын алу шаралары баяндалып, өмірлік оқиғалар арқылы түсіндіріледі. Іс-шара барысында психоактивті заттарды тұтыну мәселесіне және оның жастардың денсаулығы мен болашағына кері әсеріне арналған тақырыптық фильм көрсетілді. Көрсетілім оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Көпшілігі бейнефильмнен кейін нашақорлықтың қаншалықты қауіпті екенін терең түсініп, өз пікірлерін білдірді. Бейнефильмді 9-11 сынып оқушылары көрді, жалпы 138 оқушы қамтылды.

https://www.instagram.com/reel/DQl8HuZjMbr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Құқық бұзушылықты алдын алу ақпары

2025 жылғы 3 қараша №12 жалпы орта білім беретін мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ құқықтық және нашақорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектеп инспекторы, полиция аға лейтенанты Накен Елжас Рысбекұлының қатысуымен танымдық дәріс өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға құқықтық тәртіпті сақтау, жолда жүру ережелерін орындау және зиянды әдеттердің адам өміріне әсері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дәріс соңында бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына толық әрі мазмұнды жауаптар берілді. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу.

https://www.instagram.com/reel/DQpQMYggJ90/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Түлектермен кездесу ақпары

07.11.2025 Қарағанды Е.А.Бөкетов атындағы Ұлттық университетінің оқытушылары 11-сынып түлектерімен кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты – түлектерге мамандық таңдауда кәсіби бағыт-бағдар беру. Оқушылар университеттің тарихы, мамандықтары мен жетістіктері туралы толық ақпарат алып, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

Кездесуге мектеп әкімшілігі мен кәсіби бағдар беруші мамандар қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DQvz8KQDOXQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

«Шабыт» жобасы ақпары

«Шабыт» жобасы аясында өткен қалалық жас журналистер байқауында Токшыманов Алан. «Ең үздік мақала» номинациясы бойынша жүлделі II орынға ие болды! Бұл жетістік — еңбектің, ізденістің және шығармашылық шабыттың жемісі. Бұл байқау — жас қаламгерлердің кәсіби шеберлігін шыңдап, сөз өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыруды мақсат етеді.

https://www.instagram.com/p/DQ3PhV3DEVd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Профилактикалық түсіндіру жұмыстары ақпары

Профилактика және әлеуметтік -психологиялық көмек бөлімшесі мен “Ғибрат” Жастар денсаулық орталығының ұйымдастыруымен психоактивті заттарды қолданудың,ерте жүктіліктің және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DQ3RftwjH3d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Сынып сағат ақпары

2025 жылғы 10 қарашада 6”В” сыныбында “Теңге-Тәуелсіздіктің тірегі” атты сынып сағаты өткізілді. Оқушылар теңгенің шығу тарихымен, оның мағынасы мен даму кезеңдерімен танысып, жасанды интеллект көмегімен “XXI ғасыр теңгесін бейнеледі. Өз қиялымен болашақтағы ұлттық валютамыздың дизайнын жасап, ерекше идеяларымен бөлісті. Ұлттық валюта күнімен!

https://www.instagram.com/reel/DQ4hSy9jHKp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Сынып сағаты

Күні: 10.11.2025 ж. Сынып: 9Ә Тақырыбы: «Теңге тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» Мақсаты: -Оқушыларға ұлттық валюта - теңге туралы түсінік беру, оның тарихы мен маңызын ұғындыру; - Балаларды еңбекқорлыққа, үнемшілдікке тәрбиелеу; - Табиғаттағы және су қоймаларындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; - Әділдік пен жауапкершілік қасиеттерін дамыту.

https://www.instagram.com/p/DQ4oKRPjK5S/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ЖИТС – ғасыр дерті» диктант ақпары

Күні: 10.11.2025 ж. Сынып: 9Ә Диктант: «ЖИТС – ғасыр дерті» Мақсаты: Оқушыларға ЖИТС-ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. ЖИТС-ның адам өміріне зиянды әсерін аша отырып, олардың сана - сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір суруге азаматты жауапкершілітерін орнықтыру.

https://www.instagram.com/p/DQ4pBdZDBiW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қаржы сауаттылығы бойынша іс-шара ақпары

Қаржы сауаттылығы бойынша бүгін бастауыш сынып оқушыларымен ерекше іс-шара өткіздік! Оқушыларымызбен бірге ақша басқару және болашақ кәсіп туралы сөйлестік. Олар ата-аналарынан алған ақшаларын қайда жұмсайтынын талқылап, болашақта қандай кәсіп ашатынын армандады! Іс-шара барысында кәсіптер сызбасын құрып, әртүрлі мамандықтардың бір-бірімен байланысын көрсеттік. Оқушылардың қаржы мен кәсіпті қалай түсінетіні, олардың армандары мен болашаққа деген көзқарасы бізді өте қуантты!

Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға қаржы сауаттылығын және кәсіпкерлік дағдыларын ерте жастан дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DQ9vn1VDHNh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

«Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» 13.11.25 ж. 10 А,10 Ә сынып ата-аналарымен «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында ата-аналар отырысы өтті.

Мақсаты: Бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде отбасы, мектеп және қоғамның бірлескен іс-әрекетінің маңызын түсіндіру, балалар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудағы жауапкершілікті арттыру. Күн тәртібі: 1. 1-оқу тоқсанының қорытындысы; 2.ҰБТ ережелері мен шарттары; 3.PISA халықаралық зерттеуі туралы ақпарат; 4. Тренинг мектеп психологі Габдуллина Э.Д. Оқу жетістіктері мен тәртіп мәселесі талданып, оқушылардың білім сапасы мен үлгерім деңгейі қарастырылды. Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықтың оқу процесіне оң әсері атап өтілді. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау және оқушылардың мінез-құлық мәдениетін нығайту мәселелеріне назар аударылды. ҰБТ форматының бағалау жүйесі, шарттары туралы ақпарат берілді. Психологиялық дайындық пен ата-ананың қолдау көрсетуінің маңызы атап өтілді. PISA- 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану салаларындағы функционалдық сауаттылығын бағалайтын халықаралық зерттеу. Негізгі мақсаты - оқушылардың алған білімін өмірде қолдану қабілетін анықтау. Қазақстан бұл зерттеуге тұрақты түрде қатысады, нәтижелері білім сапасын арттыруға бағытталатыны түсіндірілді. Ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен қолдауы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Мектеп психологі Э.Д. Габдуллина бала тәрбиесінде қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізген тренинг арқылы қорытынды жасалды.

https://www.instagram.com/reel/DRAUMxZjMLw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

«Баланың бас ұстазы – ата-ана» 2025 жылғы 13 қазан күні Балқаш қаласындағы №12 жалпы білім беретін мектебінде 11-сыныптарда «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.Сынып жетекшілері І тоқсанның қорытындыларын шығарып, оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысу белсенділігін талдады. Сондай-ақ ата-аналармен бірге тәртіп сақтау, сабаққа дайындық, ҰБТ-ға дайындық, оқушылардың қауіпсіздігі және интернет кеңістігіндегі мінез-құлық ережелері сияқты маңызды тақырыптар қарастырылды.

Мектеп психологі Габдуллина Эльвира Досановна ата-аналармен «Адам өмірінің төрт кезеңі» атты мазмұнды және әсерлі тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналар белсенділік танытып, пікір алмасып, өз ойларымен және тәжірибелерімен бөлісті.

Жиналыстың мақсаты – ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жетекші рөлін арттыру, оқушылардың оқу мотивациясын дамыту және қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру болды. Кездесу жылы, сенімді атмосферада өтті. Ата-аналар мектеп ұжымының еңбегіне ризашылықтарын білдіріп, осындай кездесулердің баланың дамуы мен жетістігіне зор ықпал ететінін атап өтті. Мектеп пен ата-ананың бірлескен еңбегі – баланың жарқын болашағының кепілі!

https://www.instagram.com/reel/DRAblrtgGiz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ДосболLIKE: Достық қолын ұсын!» акция ақпары

Мектебімізде оқушылардың бастамашылдығын арттыру және жаңа достық байланыстар орнату мақсатында «ДосболLIKE» акциясы өтті. Іс-шарада оқушылар өз идеяларын таныстырып, қызығушылығы үйлесетін сыныптастарын топтастырды. Шығармашылық, спорттық, ғылыми және әлеуметтік бағыттағы мини-жобалар ұсынылып, балалар еркін пікір алмасып, өз қабілеттерін көрсетті. Акция «Қалаймын → Қолымнан келеді → Іске асырамын» мотивациялық тәсіліне негізделді. Бұл әдіс оқушылардың мақсат қойып, өзіне сенуіне және нақты қадам жасауына мүмкіндік берді. Шара мектептегі достық атмосфераны нығайтып, балалардың белсенділігін арттырды.

https://www.instagram.com/reel/DRBlyXWjID1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ДосболLIKE: Достық қолын ұсын!» акция ақпары

Достық -өмірдегі ең маңызды құндылықтардың бірі. Ол қуаныш, қолдау мен түсіністік сыйлайды. Бүгін мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы «Дос болайық» бағдарламасы аясында «Достық қолын ұсын» шарасын ұйымдастырды. Шараның мақсаты — оқушылардың бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнатуына, бірін-бірі сыйлауға және қолдауға үйрету.

https://www.instagram.com/reel/DRBp-IXDMMt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Қаржылық сауаттылықты қалай түсінеміз?» атты эссе ақпары

Қаржылық сауаттылық – бұл табысты басқару, қаржыны тиімді жұмсау, үнемдеу, инвестициялау және қаржылық қауіпсіздікті сақтау қабілеті. Қаржылық сауаттылықтың маңыздылығын қысқаша сипаттай отырып қоғам мен жеке адам үшін қажеттілігін, мектеп жасынан бастап қаржылық

сауаттылықты қалыптастырудың маңызын, өзіндік тәжірибе қалыптастыра отырып, әр адам өз қаржысын басқаруды үйренуі керек деген мақсатта 7А сынып оқушылары эссе жазды.

https://www.instagram.com/reel/DRB1PI3DBGt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қаржылық сауаттылық бойынша іс-шара ақпары

Жоғары сынып оқушыларымен қаржылық сауаттылық тақырыбында іс-шара өткіздік. Оқушылар «Ақша және құндылық» тақырыбында өз ойларын постер арқылы жеткізіп, еңбектерін қорғады. Таразыға салып, өмірдегі ақшаның орнын, адам құндылығының шынайы мәнін түсіндірді. Болашақ — осындай саналы, білімді жастардың қолында! Қаржы мәдениетін қалыптастыру — жарқын болашақ кепілі!

https://www.instagram.com/reel/DRB1xdEjGY3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Түс датчигімен тәжірибе сабағы

13-қараша күні 4-сынып оқушыларымен “Түс датчигі” тақырыбында сабақ өтілді. Сабақ барысында түс датчигімен жұмыс істейтін роботты әкеліп, оның құрылымы мен жұмыс принципі түсіндірілді. Оқушылар роботтың әр түсті қалай анықтайтынын, датчиктің қандай жағдайда сигнал беретінін бақылап, өздері де тексеріп көрді. Тәжірибе арқылы балалар робототехникадағы датчиктердің маңызын түсінді және сабаққа жоғары қызығушылық танытты.

https://www.instagram.com/reel/DRCtpeNjP3i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

Тақырыбы: «Баланың басты ұстазы — ата-ана!» 2025 жылдың 15 қараша күні 9 сыныптарда «Баланың басты ұстазы - ата-ана!» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың негізгі мақсаты - мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролін арттыру, оқушы дамуын бірлесе жоспарлау болды. Жиналыс барысында көтерілген мәселелер: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың маңызы; «Бала - ата-ананың айнасы» қағидасы негізінде отбасының ықпалы, күнделікті қарым-қатынас, қолдау мен бақылаудың ролі талқыланды; PISA - 2025 халықаралық зерттеуі; Оқу үлгерімі мен тәртібі туралы ақпарат. І тоқсан қорытындысы шығарылды; Әр оқушының пәндер бойынша жетістіктері,

қиындықтары және екінші тоқсанда жетілдіру бағыттары бойынша ата-аналарға мәлімет берілді. Мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, үй тапсырмасын орындауын бақылау және цифрлық ортадағы қауіпсіздік мәселелері талданды.

Алдағы жоспарлар: Тоқсандық іс-шаралар, тәрбие жұмыстары, қауіпсіздік, сыныпшылық жобалар жайлы ақпарат ұсынылды.

Қорытынды: Жиналыс жылы атмосферада өтті. Ата-аналар өз балаларының оқу-тәрбиесіне байланысты пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын айтты. «Бала тәрбиесі - мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті» деген түсінік негізінде бірлескен ынтымақтастықтың маңыздылығы ерекше атап өтілді.

https://www.instagram.com/p/DREhAxNjCYF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ДосболLIKE — бәріміз» сынып сағаты ақпары

7 “Б” сыныбында «ДосболLIKE — бәріміз» сынып сағаты өтті. Оқушылар адам бейнесіндегі қағазды өз қалауынша бояп, жүрекше ішіне өз достарының есімдерін жазды. Бұл шараның мақсаты — балалардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, бір-біріне деген сыйластықты арттыру және сынып ішінде татулық пен достық қарым-қатынасты нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DRJb90_DAqm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Көңілді қоңырау – оқушылардың сергіту сәті» ақпары

Көңілді қоңырау – балалардың қуанышты әрі белсенді үзілісі! Сабак арасындағы бұл сергіту сәті оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, ойын арқылы шаршауын басады. Көңілді қоңырау: Денсаулықты нығайтады; Қимыл-қозғалысты арттырады; Достықты, бірлікті күшейтеді; Мектепке деген қызығушылықты оятады. Мақсаты: Балалардың физикалық және эмоциялық сергектігін сақтау; Қозғалыс белсенділігін дамыту; Ұжымдық ойын арқылы достық қарым-қатынасты нығайту. 2 “Ә” сыныбы

https://www.instagram.com/reel/DRM-YoOjIH5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Абай оқулары» байқауындағы мектепалды жетістіктері

Республикалық «Абай оқулары» байқауында мектебіміздің мектепалды сынып тәрбиеленушілері ақынның шығармашылығынан өлең жолдарын жатқа айтып, келесідей орындармен марапатталды: Уалихан Аяла - бас жүлде,

Дүйсенғазы Сафия - I орын, Габулманап Ислам - II орын, Арғанатқызы Адина - I орын. Жекеев Ахмад - I орын; Берікбол Ескендір - I орын; Ерлан Ахмедияр - I орын; Исабеков Алдияр - II орын; Баркен Еркем - I орын; Бахатжанұлы Мұхаммед - I орын; Мұрат Айзере - I орын

https://www.instagram.com/p/DRNAuZzDMhT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Гүл сыйлайық мектепке» – мейірімділік акциясы ақпары

“Таза Қазақстан” акциясы аясында мектебімізде “Гүл сыйлайық мектепке” атты игі- іс шараға 2”Ә” сынып оқушылары қатысып, мектеп асханасына гүлдер сыйлады. Бұл мейірім мен сыйластықты насихаттайтын игі шара. Осы акция аясында оқушылар жақсылық жасауға, жылы сөз айтуға, ізгі қарым-қатынас орнатуға тәрбиеленеді. Мақсаты: Оқушыларды сыпайылыққа, мейірімділікке баулу; Позитивті орта қалыптастыру. Кішкентай гүл – үлкен қуаныш!

https://www.instagram.com/reel/DRO-RwkDKyn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

ЖИТС-ке қарсы күрес ақпары

19.11.2025 ж. ЖИТС алдын алу айлығы аясында «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де Бакеев Әлібай Қалибекұлы, Балқаш қалалық ЖИТС-ке қарсы күрес орталығының эпидемиолог дәрігері ақпараттық іс-шаралар өтті. Конференция: Тілшілердің қатысуымен ЖИТС-тің алдын алу, оның таралу жолдары және қауіпсіздік шаралары жөнінде конференция ұйымдастырылды. Оқушыларға дәріс: 1 желтоқсан -Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орай жүргізіліп жатқан ақпараттық науқан кезінде жоғарғы сынып оқушыларымен АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу бойынша дәріс. Флешмоб: Іс-шара соңында оқушылар дайындаған флешмоб көрсетіліп, қатысушылар белсенділік танытты. Қорытынды: Іс-шаралар ЖИТС туралы білімді арттыруға, оқушылардың сауаттылығын көтеруге ықпал етті. «АИТВ-сіз болашақты бірге құрамыз»

https://www.instagram.com/reel/DRPBZU4jP14/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Полиция және балалар – бірге қауіпсіздік үшін» акциясы ақпары

№12 жалпы орта білім беретін мектебінде аталған акция аясында 8–10 сынып оқушыларымен кездесуі өтті. Іс-шараға Балқаш қаласы прокуратурасының прокуроры Шаймұрат Айбол Қайыржанұлы, мектеп

инспекторы, полиция аға лейтенанты Накен Елжас Рысбекұлы, Балқаш қалалық полиция басқармасының ОПН бөлімінің өкілі Бакзин Арман Серікұлы, сондай-ақ киберқылмысқа қарсы бөлімшенің жедел уәкілі Усенов Азамат Бейбітұлы қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға бағынудың маңызын түсіндіру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ киберқауіпсіздік ережелерін үйрету болды. Шара барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықтық тәрбие мен қауіпсіздік тақырыбында мазмұндамалар жазды. Ең үздік жұмыстарды мектептің ресми сайтына жариялау жоспарлануда.

https://www.instagram.com/reel/DRPsjnZDGDC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Қолөнер – әжемнің мұрасы» атты іс-шара ақпары

«Даналық мектебі» жобасы аясында 20 қараша күні «Қолөнер – әжемнің мұрасы» атты тәрбиелік мәні зор іс-шара өтті.

Мақсаты – ұлттық қолөнерді дәріптеу, оқушыларға ата-бабадан қалған өнердің құндылығын таныту және әжелердің өнегелі сөздері арқылы салт-дәстүрді насихаттау.

Іс-шараға ардақты әжелер арнайы шақырылды. Әжелер қолөнердің түрлері, оның жасалу жолдары және әр бұйымның мән-мағынасы туралы әсерлі әңгімелер айтты. Сонымен қатар әжелер өз қолдарымен жасаған бұйымдарын таныстырып, оқушыларға жіп иіру, кесте тігу, ою-өрнек ою секілді дәстүрлі өнердің қыр-сырын көрсетті.

Оқушылар қызығушылықпен тыңдап, сұрақтар қойып, қолөнер бұйымдарын өз көздерімен көріп, ұлттық мұраға деген құрметтерін арттырды.

https://www.instagram.com/reel/DRRRE95jHMr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Келешек» дебат сайысы ақпары

20 қараша 2025 жылы мектебімізде Біртұтас тәрбие “Адал азамат” тәрбие бағдарламасының “Ұшқыр ой алаңы” жобасы аясында “Келешек” дебат клубы ойыншылары мектепішілік дебат ойынын жоғары деңгейде өткізді.

Тақырып: «БП ЖИ адамзатқа пайдалы деп есептейді». Ойын барысында оқушылар өз ойларын ұшқыр қисынмен, нақты дәлелдермен жеткізіп, көрерменге қызықты да мазмұнды пікірталас сыйлады. Үкімет тарапының ойыншылары - Умутчакова Аяжан мен Байжумартова Айханым - жеңісті иеленіп, үздік ойыншылар атанды! Сондай-ақ іс-шараға белсенді қатысып,

жоғары дайындық көрсеткен Нұрланбек Нұрсұлтан мен Самиғұлла Айғаным Алғыс хатпен марапатталды. Бұл дебат оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, шешендік қабілетін дамытып, өз ойын еркін жеткізуге үлкен ықпал етті.

https://www.instagram.com/p/DRR38gEDHPI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қашықтықтан жалпы ата-аналар жиналысы ақпары

2025 жылдың 19- қараша күні қашықтықтан облыстық жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа барлығы 120 ата-ана қатысты. Күн тәртібінде:

- 1.«Адал азамат» бағдарламасын іске асырудағы отбасының рөлі: саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыру. Токмурзина Индира Жанузаковна– «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша филиалының басшысы
2. Есірткінің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік. Корниенко Кирилл Александрович - Қарағанды облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкері, полиция подполковнигі
- 3.Балалар әлеміндегі әлеуметтік жалғыздық. Мейрамова Жанар Дүйсенбековна - психологиялық қолдау орталығы директорының м.а.
4. ҰБТ-ға дайындық туралы. Нұрсұлтан Гүлдана Ерболатовна- білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие мен жалпы білім және арнайы білім беру бөлімінің басшысы Жиналыста балалардың қауіпсіздігі, тәрбиесі, психологиялық жағдайы және білім сапасын көтеру бойынша маңызды мәселелер талқыланып, ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуге бағытталған ұсыныстар берілді.

https://www.instagram.com/reel/DRTFr8biC1m/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Достасайық» тренинг ақпары

Тренинг жаттығуы: «Достасайық». 5 «Б» сынып оқушылары арасында «Достасайық» атты психологиялық тренинг жаттығуы өтті. Шараның мақсаты – оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, өзара сенім мен түсіністікті арттыру. Қатысушылар қызықты жаттығулар мен ойындар арқылы бір-бірін жақынырақ танып, нағыз достықтың мәнін түсінді. Тренинг барысында жылы атмосфера орнап, оқушылар бір-біріне қолдау мен қамқорлық көрсетті. Осындай іс-шаралар балаларды бірлікке, сыйластыққа

және өзара құрметке тәрбиелейді. Өйткені достық – мейірім мен сенімнен басталады.

https://www.instagram.com/reel/DRT1eR2jNzt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Балалардың жол және мүз қауіпсіздігі ақпары

№12 мектепте қауіпсіздік сабақтары 21 қараша күні Балқаш қаласы Құтқару бөлімшесінің құтқарушы-медбикесі Абжанова Бағдат Сатпековна 5–7 сынып оқушыларымен күзгі-қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы маңызды дәріс өткізді. Оқушылар: жолдағы қауіпсіздік ережелерін; мүз үстінде жүру тәртібін; өрттің алдын алу шараларын; төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсетуді үйренді. Балалардың қауіпсіздігі – біздің басты мақсатымыз!

https://www.instagram.com/reel/DRUsn8pDAAQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Мейірімді қақпақ” экологиялық жобас ақпары

“Таза Қазақстан” акциясы аясында мектебімізде өтіп жатқан “Мейірімді қақпақ” экологиялық жобасы қарқынды түрде жалғасуда!

Әр сынып белсенділік танытып, түрлі шаралар өткізіп, бөтелке қақпақтарын жинауға үлкен ынтамен атсалысуда. Бұл жоба — тек қақпақ жинау емес, бұл табиғатқа жанашырлықпен қарауды, жауапкершілікті сезінуді және мейірімділік мәдениетін қалыптастыратын маңызды бастама.

Оқушылардың ұйымшылдығы мен қызығушылығы күннен күнге артып келеді. Әрбір жиналған қақпақ – таза қоршаған ортаға қосылған үлес, келешек ұрпаққа жасалған қамқорлық.

Жоба алда да өз жалғасын табады, сондықтан бәріміз бірге экологиялық мәдениетті нығайтып, жақсы істерді көбейте берейік!

https://www.instagram.com/reel/DRb61nmjHjv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ДосболLIKE» тренинг ақпары

25.11.2025 күні бастауыш сыныппен «ДосболLIKE»тренинг жаттығуы өтті. Балалар бір-бірін тыңдап, қолдап, бірге достықтың қандай маңызды екенін сезінді. Кішкентай жүректер – үлкен мейірімге толы. Бірлік, жылы сөз, қуаныш – бәрі осы жерді! Бүгінгі балалар – ертеңгі тату қоғам!

<https://www.instagram.com/p/DRfHnNtjLv0/?igsh=MXFsbzRsczQ5ZnBybg==>

Буллингке жол жоқ ақпары

Тақырыбы: «Буллингтен қорған! Көшбасшылардың түрі және жедел қызмет нөмірлері» 10 «Ә» сыныбында ашық тәрбие сағаты.

2025 жылдың 26 қарашасында «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Буллингтен қорған! Көшбасшылардың түрі және жедел қызмет нөмірлері» тақырыбында ашық сынып сағаты өтті.

Сабактың мақсаты — оқушыларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және буллингтің алдын алу жолдарын үйрету.

Оқушылар:Буллингтің түрлерін талқылады; Алдын алу шараларын ұсынды; Көшбасшыларды сайлап, топтық тапсырмалар орындады; Өз көшбасшылық қасиеттерін бағалады; Төтенше жағдайдағы әрекет ету жолдарын меңгерді

Іс-шараға 24 оқушы қатысты. Жайлы және қауіпсіз мектеп ортасын құруға бағытталған DosbolLike жобасы кеңінен талқыланды.

https://www.instagram.com/reel/DRjGaCdDVjV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«ЖРВИ тақырыбында өткізілген диктант» ақпары

ЖРВИ (Жедел респираторлық вирустық инфекция) – тыныс алу жолдарының вирустармен зақымдануынан пайда болатын жедел жұқпалы ауру. Ауа-тамшылы жолмен таралып, мұрынның бітелуі, жөтел, тамақтың ауыруы және дене қызуының көтерілуімен сипатталады.

26 қараша күні 3–11 сынып оқушыларынан ЖРВИ тақырыбы бойынша диктант алынды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың ЖРВИ туралы базалық түсініктерін кеңейту, алдын алу шаралары жөніндегі білімін тексеру және санитарлық мәдениетін арттыру болды.

Диктант барысында оқушылар аурудың белгілері, таралу жолдары, жеке бас гигиенасын сақтау, иммунитетті нығайту және алдын алу тәсілдері жөнінде мәліметтер жазу арқылы білімдерін бекітті.

Бұл жұмыс оқушылардың денсаулыққа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға, жұқпалы аурулардың алдын алу туралы түсініктерін тереңдетуге ықпал етті. Іс-шараға қатысуы тиіс барлық сыныптар толық қамтылды.

https://www.instagram.com/reel/DRj0sTcDU7Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Зорлық-зомбылыққа қарсы» ақпары

Мектеп оқушылары «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» акциясын қолдау мақсатында арнайы бейне дайындады. Балалардың бастамасы – қауіпсіз, тең және әділ қоғам құруға қосылған үлес! Біз зорлық-зомбылықсыз болашақты бірге жасаймыз!

https://www.instagram.com/reel/DRm5OWxDJ89/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналар жиналыс ақпары

28.11.25.«PISA халықаралық зерттеулері-2025» тақырыбында 10 «А», 10 «Ә» сынып ата- аналарымен ZOOM платформасында жиналыс өтті. Мақсаты: PISA-2025 халықаралық зерттеуінің мазмұны, мақсаты, өткізу тәртібімен таныстыру. PISA зерттеуі туралы жалпы ақпарат -зерттеудің мәні, мақсаты, халықаралық деңгейдегі маңызы түсіндірілді. PISA-2025 негізгі бағыты – оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығына қойылатын талаптар айтылды. Оқушылардың қатысу тәртібі - зерттеуге қатысатын 15 жастағы оқушылардың іріктелуі, тест өткізу форматы таныстырылды.

Ата-ананың рөлі -оқушыларды психологиялық тұрғыда қолдау, тестке уақытында келуді қамтамасыз ету, оқу дағдыларын дамытуға жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жауап алды. Жиналыс PISA-2025 зерттеуіне оқушылардың қатысуы және ата-аналардың ақпараттандырылуын арттыруға зор ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DRteMtojBYP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

Тақырыбы: «Қауіпсіз орта» Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимыл акциясы аясында оқушылармен «Қауіпсіз орта» тақырыбында үгіт-насихат отырысы өткізілді.

Оқушылар ашық пікір алмасып, өздерін қандай ортада қауіпсіз сезінетінін, қауіп төнген жағдайда кімге жүгінетінін, мектеп пен үйдегі қауіпсіздіктің қандай болуы керектігін айтып, маңызды ойларымен бөлісті.

Балалар достық, түсіністік пен қолдауға толы ортада ғана еркін дамитынын атап өтті. Сонымен қатар, қауіп төнген жағдайда кімге жүгіну керектігі, өз құқықтарын қорғау жолдары туралы да маңызды ақпарат берілді.

Біздің мақсат – әрбір оқушы өзін қауіпсіз сезінетін мекен қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/DRt-HuzDOti/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Шежіре білудің маңызы неде?» атты ақпары

«Даналық мектебі» жобасы аясында “Аталар клубының ұйымдастыруымен 3-сыныптар арасында “Шежіре білудің маңызы неде?” атты танымдық сабақ өтті.

Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға шежіре дегеніміз не, жеті атаны білудің маңызы қандай екендігін ұғындыру.

Аталардың қатысуымен өткен шара барысында балалар өздерінің жеті атасын таныстырып, Әбілқайыр атаның өнегелі әңгімесін тыңдады. Мақал-мәтелдер айтып, шежіре құрастыру тапсырмаларын орындау арқылы шежіренің мәнін тереңірек түсінді. Шара соңында аталар өз ризашылықтарын білдіріп, баталарын беріп тарқасты. Мұндай танымдық сабақтар оқушылардың өз тегін, ата-бабасын тануына, отбасылық құндылықтарды бағалауына ықпал етеді. Шежіре білімінің арқасында ұлттық сана-сезім қалыптасып, тарихқа деген құрмет нығаяды. Іс-шараға қамтылған оқушылар саны – барлығы жиырма бес.

https://www.instagram.com/reel/DRz5p2wjPJl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

“Зорлық-зомбылыққа біз қарсымыз!” Тренинг элементерінің жаттығулары өткізілді, кейстер талдап, рөлдік ойындар ойнап, дұрыс әрекет етуді үйренді. Қауіпсіз орта – бәрімізге ортақ!

https://www.instagram.com/p/DR1mA4FjBtJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

Республикалық акция: “Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн” 2025 жылдың 25 қарашасы мен 10 желтоқсаны аралығында елімізде “Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет” республикалық акциясы өткізілуде. Акцияның мақсаты – зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қарсы тұру, қоғамда төзімділік пен қауіпсіздік

мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ ана мен баланың құқығын қорғауды күшейту. Қоғамдағы әр адамның қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілігіміз.

https://www.instagram.com/reel/DR2PSw3DE6G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

4. ЖЕЛТОҚСАН «БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ»

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

2025 жылдың 4 желтоқсанында мектебімізде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет» акциясы аясында отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында 5–6 сынып оқушылары арасында “Менің отбасымның портреті” атты сурет байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушылар өз шығармашылығын көрсетіп, отбасының маңызын сурет арқылы бейнелей білді. Барлық қатысушыларға белсенділігі мен талпынысы үшін алғыс айтамыз! Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

https://www.instagram.com/reel/DR177fvjNZI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

5 желтоқсан күні мектебімізде “Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет” акциясы аясында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараға Балқаш қаласы ПБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция майоры Әлімбай Жансая Қалтайқызы, аталған топтың инспекторы, полиция лейтенанты Мусатаева Жайна Есбергеновна, Балқаш қ. ПБ ҚҚБ УПИ полиция капитаны Абенов Бахтияр Абильевич, сондай-ақ Балқаш қ. ПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Накен Елжас қатысты.

Құқық қорғау органдарының өкілдері оқушыларға қауіпсіздік ережелері, құқықтары және зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары туралы ақпарат беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/reel/DR32YY4jHZh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Робототехника бойынша танымдық кездесу ақпары

05.12 күні Балқаш қаласының №12 мектебінде Қарағанды қаласындағы “Мұрагер” мектеп-лицейінің JelToqSan командасы FIRST халықаралық бағдарламасы аясында танымдық семинар өткізді.

Семинар барысында қатысушыларға: FIRST бағдарламасының құрылымы мен негізгі бағыттары таныстырылды; Робототехника сайыстарының кезеңдері, талаптары және дайындық тәртібі түсіндірілді; Қомандалық жұмыс пен жобалық қызметке арналған тәжірибелік әдістер ұсынылды. Іс-шараға Балқаш қаласының мектептерінен 20 мұғалім және 50 оқушы қатысып, робототехника саласындағы өзекті ақпарат алып, тәжірибе алмасты. Семинар қатысушыларға кәсіби даму мен шығармашылық идеяларға жол ашып, алдағы робототехника жобаларына зор шабыт сыйлады.

JelToqSan командасының жетекшілері: Шәкәрім Жанәділ – ментор; Сыздық Ардақ – шет тілдері бойынша директор орынбасары; Бахытов Айдар 11-сынып оқушысы; Амантай Шахнияз 8-сынып оқушысы

Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар мен мұғалімдер үшін пайдалы әрі мотивациялық шара болды

https://www.instagram.com/reel/DR4MZvyjBb8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Зерделі ұрпақ» — жас математиктер сайыс ақпары

06.12.2025 ж. күні №12 жалпы білім беретін мектептің базасында «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен 4 сынып оқушылары арасында «Зерделі ұрпақ» атты математикалық олимпиадасының қалалық кезеңі өтті. Олимпиадаға қалалық кезеңге өткен 10 мектептің 4 сынып командалары қатысты. Нәтижесінде: 1. Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі - БАС ЖҮЛДЕ; 2. Абай атындағы № 2 мектеп-лицейі - 2 ОРЫН; 3. Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі - 3 ОРЫН; 4. Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі - 2 ОРЫН; 5. №5 жалпы білім беретін мектебі - 1 ОРЫН; 6. Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін № 25 орта мектебі - 3 ОРЫН; 7. № 1 жалпы білім беретін мектебі - 1 ОРЫН; 8. Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты - 3 ОРЫН; 9. Саяк кентінің №6 жалпы білім беретін мектебі - 3 ОРЫН; 10. № 24 орта мектеп-интернаты - 3 ОРЫН. Облыстық кезеңге Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі жолдама алды. Құттықтаймыз!

https://www.instagram.com/reel/DR69ZvvDM9j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

“Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет” акциясы аясында балалармен көңілді де пайдалы «Джеймс Бонд» психологиялық ойынын ойнадық! Ойын достықты нығайтып, жылдамдық пен бір-біріне деген сенімін арттырды. Балалардың көңілі көтеріліп, топтағы қарым-қатынас та жақсара түсті

https://www.instagram.com/reel/DR_TQwqDHxd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Менің Қазақстаным” оқу аптасы аясындағы саптық жиын ақпары

“Менің Қазақстаным” оқу аптасының басында өткен алғашқы саптық жиында 1–4 сынып білім алушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады. Рухты шара барысында оқушыларға еліміздің рәміздеріне құрмет көрсету мен патриоттық сезім қалыптастырудың маңызы түсіндірілді.

Саптық жиын соңында әртүрлі сайыстар мен жарыстарда үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталып, олардың жетістіктері атап өтілді

https://www.instagram.com/reel/DR_WzG4jJja/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Менің Қазақстаным” оқу аптасы аясындағы саптық жиын ақпары

5-11 сынып оқушыларына арналған “Менің Қазақстаным” оқу аптасының кезекті сап жиыны өтті. Білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындады. Апта бойы сабақтарға белсенді қатысып, мектеп ережесін сақтап, құрметпен қарау ескертілді. «Тәртіп — тәрбие басы, еңбек — ырыс қазығы» екенін естен шығармай, баршамыз үлгілі оқушы, еңбекқор азамат болуға ұмтылайық! Баршаңызға сәттілік пен табысты апта тілеймін!

https://www.instagram.com/p/DR_YXdODDNx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Бауыржан Момышұлына 115 жыл» ақпары

Күні: 08.12.2025 ж. Сынып: 9Ә Тақырыбы: «Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» (24.12.1910–10.06.1982). Қауіпсіздік сабағы. Кибербуллинг: нені білу керек және одан қалай қорғану керек? Сынып сағатының мақсаты: Оқушыларды Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздерімен таныстыру. Қауіпсіздік сабағының мақсаты: Оқушыларды интернетте қауіптермен таныстыру және осы қауіптерден аулақ болуға көмектесу, желідегі құқық бұзушылықтардың алдын алу.

https://www.instagram.com/p/DR_ePOMjN6o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы ақпары

Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл акциясы аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында әсерлі флешмоб өткіздік. Бұл флешмобтың мақсаты – балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға қоғам назарын аударту, әрбір баланың зорлық-зомбылықсыз өсуіне жағдай жасау және олардың бақытты, еркін, қорғанысы бар ортада тәрбиеленуіне қоғам болып үлес қосу. Бала – ең әлсіз әрі ең қымбат қазына. Сондықтан іс-шарада қатысушылар өз қолдарымен «Балаларға – мейірім», «Зорлыққа – жоқ!», «Әр бала – қорғауға лайық» деген ұрандар ұстап, балалардың құқықтарын қорғаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/DSAkuNwjCJI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тәуелсіздік – ұрпаққа аманат» эссе ақпары

Мектебімізде 8–12 желтоқсан аралығында өтіп жатқан «Тарих толқынында» апталығы аясында 9–10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік – ұрпаққа аманат» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың негізгі мақсаты-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойды нақты әрі сауатты жеткізе білуге баулу, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, сондай-ақ өз елінің тарихын, тамырын тереңнен тануға тәрбиелеу. Сонымен бірге, дарынды және қабілетті оқушыларды анықтап, олардың жазу мәдениетін шыңдау көзделді.

Шара барысында эсеге қойылатын талаптар таныстырылып, жұмыстың тақырыпқа сай болуы, өзіндік көзқарас пен шығармашылық ой-тұжырымның көрінуі, тілдің сауатты қолданылуы және мазмұнның жүйелілігі басты назарда болатыны түсіндірілді. Сонымен қатар, әрбір эссе орфографиялық нормаларға сай жазылуы қажет екені атап өтілді.

Байқауға барлығы он жеті оқушы қатысып, өз шығармашылықтарын ортаға салды. Қатысушылар тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы арман еткен асыл мұраты, бүгінгі ұрпаққа қалдырған баға жетпес аманаты екенін ой толғауларында айқын көрсетті. Тәуелсіздікті сақтау, құрметтеу және оны одан әрі дамыту -әрбір азаматтың, әр ұрпақтың борышы екендігін оқушылар өз ойларында ерекше атап өтті. Байқау жас ұрпақтың отаншылдық рухын көтеріп, тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған игі іс-шара болды.

https://www.instagram.com/reel/DSCSxZYDGp3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік пен рәміздерге арналған сауалнама ақпары

Жоғары сынып оқушыларының қатысуымен Тәуелсіздік және мемлекеттік рәміздер тақырыбында ақпараттық-танымдық сауалнама өткіздік. Оқушылар ашық және жабық сұрақтарға жауап бере отырып, өз ой-пікірлерін еркін білдірді.

Шара жас буынның ел тарихына деген құрметі мен азаматтық көзқарасының жоғары деңгейін көрсетті. Әр оқушының жауабы — елінің болашағына бейжай қарамайтын, түсінігі кең, рухы биік жас буынның көрінісі. Біз — рухты ұрпақпыз, біз — болашаққа жауапты буынбыз.

https://www.instagram.com/p/DSF4qxbDGq2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Бала – біздің болашағымыз» ата-аналар жиналысы ақпары

2025 жылғы 10 желтоқсан күні N12 жалпы орта білім беретін мектебінің 3”А” сыныбында “Бала -біздің болашағымыз, оның жарқын болуы - біздің бірлігімізде” атты тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты: Бала тәрбиесінде мектеп пен ата-ананың ортақ жауапкершілігін арттыру, өзара ынтымақтастықты нығайту.

Күн тәртібінде оқушылардың оқу үлгерімі, жетістіктері мен тәртіптері талданып, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселесіне назар аударылды.

https://www.instagram.com/reel/DSHXaC7jKXK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қыздар жиналысы ақпары

“Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет!” акциясының жоспарына сәйкес 8-11 сыныптың білім алушы қыз балаларымен жиналыс өткізілді. “Қызғалдақ” қыздар клубының ұйымдастырылуымен өткен жиналыста зорлық-зомбылық түрлері таныстырылып, алдын алу шаралары айтылды.

https://www.instagram.com/p/DSIPiY8jI92/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қыздар жиналысы ақпары

“Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет!” акциясының жоспарына сәйкес 8-11 сыныптың білім алушы қыз балаларымен “Ерте жүктіліктің алдын алу” тақырыбында жиналыс өткізілді. Мектеп медбикесінің қатысуымен өткен жиналыста тақырып аясында мағлұматтар беріліп, талқыланды.

https://www.instagram.com/p/DSJiqLSDOY4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Спорт – ел тәуелсіздігінің тірегі» жарысы ақпары

«Спорт — ел тәуелсіздігінің тірегі» атты спорттық жарыс өтті! Оқушылар өздерінің шапшаңдығын, күшін және бірлігін көрсетті. №12 жалпы орта білім беретін мектептің шәкірттері спорт арқылы денсаулығын нығайтып, рухани жігерін арттырды!

https://www.instagram.com/reel/DSJ5z4ZDCbG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Қауіпсіз сабақтар» – өрт қауіпсіздігі ақпары

№12 мектепте өрт қауіпсіздігі бойынша 5- 11 сыныптарға арналған “Қауіпсіз сабақтар” өткізілді. Іс-шара барысында өрттің алдын алу шаралары түсіндіріліп, оқушыларға қауіпсіздік ережелерін меңгерту мақсатында арнайы бейнероликтер көрсетілді. Сондай-ақ оқушыларға қыс мезгілінде өрт қауіпсіздігін сақтау, көпқабатты үйлерде терезелерді ашық қалдырмау, төтенше жағдай туындаған жағдайда өрт сөндіру қызметіне 112 нөмірі арқылы дереу хабарласу қажеттігі түсіндірілді

https://www.instagram.com/p/DSKBLWvjP_Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

Тәуелсіздік – бұл тек бір күндік мереке емес, бұл – халқымыздың ғасырлар бойғы күресі мен төгілген терінің, үзілмеген үміттің жемісі. Бүгін біз еркін елде өмір сүріп, өз тілімізде сөйлеп, өз жерімізде бейбіт күн кешіп отырмыз. Бұл – үлкен бақыт әрі зор жауапкершілік.

Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын. Тәуелсіз Қазақстанды мақтан тұтамын. Тәуелсіздік күні құтты болсын!

https://www.instagram.com/reel/DSN8ccXgD37/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Жас Ұлан» қабылдау салтанаты және Тәуелсіздік мерекесі ақпары

Мектебімізде 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған және Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты саптық жиыны жоғары деңгейде өтті.

Іс-шара Мемлекеттік Әнұранның асқақ әуенімен басталды.

Тәуелсіздік жолында жанын пидә еткен батыр бабаларымыз бен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ержүрек қаһармандары бір минут үнсіздікпен еске алынды.

Салтанатты жиын барысында Тәуелсіздіктің халқымыз үшін айрықша тарихи маңызы, ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында екені айтылып, олардың елін сүйетін, білімді әрі жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуының маңызы ерекше атап өтілді.

«Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданған 5-сынып оқушылары салтанатты түрде ант беріп, ұйым мүшесінің төсбелгілері мен галстуктарын тақты.

Жиын барысында мектеп директоры қатысушыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген мұғалімдерге марапаттар табыстады. Сонымен қатар, «Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсат-міндеттеріне тоқталып, жас өрендерді отансүйгіштікке, бірлік пен адалдыққа тәрбиелеудің маңызын атап өтті.

Салтанатты жиын соңында барша қатысушылар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – ел тарихындағы ең қастерлі құндылық екенін терең сезініп, Отанға адал қызмет етуге дайын екендіктерін білдірді.

https://www.instagram.com/reel/DSSSTP3DHit/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тәуелсіздік – мәңгі болсын тұғырым!» дебат ақпары

«Тәуелсіздік – мәңгі болсын тұғырым!» Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аманаты, елдігіміздің ең биік тұғыры. Осы ұлы құндылықты дәріптеу мақсатында 9–10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік – мәңгі болсын тұғырым!» тақырыбында мазмұнды дебат өтті. Пікірсайыс барысында оқушылар ел тәуелсіздігінің маңызы, ұлттық рух, патриоттық сана, болашақ

ұрпақтың жауапкершілігі туралы өз ойларын еркін жеткізіп, дәлелді пікірлерін ұсынды. Қатысушылар тапқырлығымен, шешендігімен және терең ойларымен ерекшеленіп, өз көзқарастарын сенімді қорғай білді. Бұл дебат — жас ұрпақтың ел тағдырына бейжай қарамайтынын, тәуелсіздікті қастерлеп, оның мәңгілік болуына үлес қосуға дайын екенін көрсетті. Тәуелсіз еліміздің тұғыры әрдайым биік, болашағы жарқын болсын!

https://www.instagram.com/reel/DSSk02XDHWj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

Тәуелсіздік — тағдырымыз, еркіндік — тұмарымыз! Тәуелсіздік — бабаларымыздың қанымен, аналарымыздың көз жасымен келген қасиетті ұғым. Бүгін көк Туымыз көкте желбіреп, Әнұранымыз асқақ естілсе — бұл бірлігіміз бен тұтастығымыздың белгісі. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын! Тәуелсіз Қазақстанымыз мәңгі жасасын!

6 «А» сынып оқушылары: Бөлеген Жаннұр, Ержан Айша, Мамбетова Жамиля, Мырзахан Аружан, Тлеулесова Раяна, Нұрсланқызы Ботакөз

https://www.instagram.com/reel/DSS2M_AAmL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

Балқаш қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұстаздар қауымы Ұлы Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтайды.

Тәуелсіздік – ел рухы, еркіндік – ең асыл мұрат. Берекесі бекем, бірлігі мығым Қазақстан жасай берсін

https://www.instagram.com/reel/DSS4CE6gPKs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

1 «Б» сынып оқушыларының Тәуелсіздік күніне арнауы

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, болашағымыз баянды болсын!

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай

1 «Б» сынып оқушылары Отанға деген сүйіспеншіліктерін өлең жолдары арқылы жеткізді.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанды сүйуге, патриоттық рухта тәрбиелеу, тәуелсіздіктің мәні мен маңызын ұғындыру, еліміздің жетістіктері мен жарқын болашағына мақтаныш сезімін қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/DSS6jBMANN_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

2–4 сынып оқушылары 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Отанға деген сүйіспеншіліктерін өлең жолдары арқылы жеткізді. Тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын!

https://www.instagram.com/reel/DSVB7-dDM_w/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні ақпары

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Тәуелсіздік – халқымыздың баға жетпес байлығы, елдігіміздің айғағы. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Болашақ ұрпақ білімді, саналы болып, Отанымызды мақтан тұтсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем болсын! 4 «Б» сыныбы

https://www.instagram.com/reel/DSVGJi4jM_7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Мен әжеммен мақтанамын" бейнеролигі ақпары

2025 жылдың 18 желтоқсан күні N12 жалпы орта білім беретін мектебінде “Даналық мектебі” жобасы аясында “Мен әжеммен мақтанамын” атты тақырыбында бейнеролик түсірілді. Жанұядағы әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу. Ертегі оқу барысында әже мен немере арасындағы жылылық, сүйіспеншілік пен рухани байланыс айқын көрінеді. Аталған бейнеролик отбасы құндылықтарын дәріптеп, үлкеннің ақылын тыңдап өсу – ұрпақ тәрбиесінің маңызды бөлігі екенін көрсетеді.

https://www.instagram.com/reel/DSZDw5hjErS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Дәстүр - ұрпаққа аманат!” атты танымдық сағат ақпары

18.12.2025 күні мектебіміздің қабырғасында “Біртұтас тәрбие: адал азамат” бағдарламасы және “Аталар клубы” аясында “Дәстүр - ұрпаққа аманат!” атты танымдық сағаты өтті.

Мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрін оқушыларға терең таныту; үлкенге құрмет, кішіге ізет құндылықтарын қалыптастыру.

Оқушылар қадірлі қонақтарымыз - аталарымыздың көмегімен дәстүр танудан жарысып, аталарымыздың өнегесін тыңдап, батасын алды!

Қариясы бар үйдің қазынасы бар! Аталар мектебі — оқушыларға ұлттық құндылықтарды тірі өнеге арқылы, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жеткізуді мақсат еткен клуб.

https://www.instagram.com/reel/DSaHH2TjLru/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

"Қамқор" жобасы аясында волонтерлік күн ақпары

«Қамқор» жобасы аясында бүгін мектебімізде игі істерге толы волонтерлік күн өтті. Оқушылар өз еріктерімен мектеп ішіндегі сыныптардың тазалығын жасап, оқу ордамызды ұқыпты әрі жайлы етуге атсалысты. Алдағы Жаңа жыл мерекесіне орай оқушылар мектеп дәліздері мен сыныптарды безендіру жұмыстарына белсене қатысып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Бұл жұмыстар – бірліктің, жауапкершіліктің және ортақ іске деген жанашырлықтың айқын көрінісі.

Қамқорлық – үлкен істерден ғана емес, осындай күнделікті қарапайым әрекеттерден басталады. Мектеп – баршамыздың ортақ үйіміз, ал оны таза, әдемі әрі жылы ұстау – әр оқушының азаматтық міндеті. Осындай игі істер арқылы оқушылар бойында еңбекқорлық, мейірімділік және қоғамға қызмет ету құндылықтары қалыптасады.

Біз «Қамқор» жобасы арқылы жас ұрпақты жанашырлыққа, жауапкершілікке және белсенді азамат болуға тәрбиелейміз. Жасалған әрбір жақсы іс – жарқын болашаққа жасалған қадам.

https://www.instagram.com/reel/DSab9L0DOP7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Мектептегі тәртіп пен мәдениеттілік ақпары

Мектеп – тек білім алатын орын ғана емес, тәрбие мен мәдениет қалыптасатын орта. Мектеп формасын сақтау, жүріс-тұрысты қадағалау және қыздардың шаш үлгісінің ұқыпты болуы – әр оқушының жауапкершілігі. Тәртіп пен әдеп бар жерде сыйластық пен түсіністік орнайды. Біз мектеп парламенті ретінде мәдениетті, үлгілі оқушы бейнесін қалыптастыруды қолдаймыз.

https://www.instagram.com/reel/DSadFZwjLkp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Қысқы демалыстағы қауіпсіздік дәріс ақпары

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА! 19 желтоқсан күні Балқаш қаласы Құтқару бөлімшесінің құтқарушы-медбикесі Абжанова Бағдат Сәтпековна және ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры Карибеков Исламбек Мейрамғалиевич 7–11 сынып оқушыларымен қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша маңызды дәріс өткізді. Дәріс барысында оқушылар: жолдағы қауіпсіздік ережелерімен, мұз үстінде жүру тәртібімен, өрттің алдын алу шараларымен, төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсету жолдарымен танысты. Мұндай кездесулер оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

https://www.instagram.com/reel/DSchMfljLZe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Әліппемен қоштасу ақпары

Сүйікті Әліппем, саған мың алғыс! Біздің алғашқы ұстазымыз болдың — әр әріпті, әр дыбысты үйреттің. Бүгін саған «қош бол!» деп, жаңа жол — Ана тіліне қадам бастық. Бастауыштың бал тәтті сәттері осылай басталады 1 “А” сыныбы

https://www.instagram.com/reel/DSdBRljCeg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Әліппемен қоштасу ақпары

1 “А” сыныбында оқушылар «Әліппемен» қоштасып, жаңа кезең — «Ана тілімен» танысты. Осыған орай, шағын ертеңгілік ұйымдастырылып, балалар тақпақ айтып, ән шырқап, өнерлерін көрсетті. Бұл сәт олар үшін есте қаларлық әрі маңызды күн болды.

Мақсаты: «Әліппе» оқулығымен оқу дағдыларын меңгергенін көрсету; «Ана тілімен» таныстыра отырып, оқуға деген қызығушылығын арттыру; Өзін еркін ұстай білуге, өнерін көпшілік алдында көрсете білуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DSdANH_jGaX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Әліппемен қоштасу ақпары

«Әліппемен қоштасу – Ана тіліне қадам»

1 «Б» сыныбының оқушылары «Әліппемен» қоштасып, жаңа оқу кезеңі – «Ана тілі» оқулығымен танысты. Осыған орай сыныпта шағын ертеңгілік ұйымдастырылып, оқушылар тақпақ айтып, ән шырқап, өз өнерлерін ортаға салды. Бұл күн балалар үшін есте қаларлық, қуанышқа толы әрі маңызды сәт болды.

https://www.instagram.com/reel/DSeFiyGi4O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жаңа жылдық мерекелік іс-шара ақпары

2025 жылдың 22-ші желтоқсан айында мектебімізде бастауыш сынып оқушыларына арналған Жаңа жылдық ертеңгілік кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кешке 0–2 сыныптың барлық оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында: Аяз Ата мен Ақшақар балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады; Оқушылар тақпақтар айтып, ән салып, би билеп, белсенді қатысты; Ертегі кейіпкерлері қатысқан сахналық көріністер қойылды; Барлық оқушыға Аяз ата дорбасынан тәтті сыйлықтар табысталды. Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, шығармашылықтарын дамыту, еркін сөйлеу мен өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беру.

https://www.instagram.com/reel/DSkNIOXjAZx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жаңа жылдық мерекелік іс-шара ақпары

23 желтоқсан күні мектебімізде 3, 4, 5-сынып оқушыларына арналған мектепішілік Жаңа жылдық шырша мерекесі өтті. Іс-шара барысында оқушылар көңілді ойындарға қатысып, ән айтып, би билеп, Аяз ата мен Ақшақардың құттықтауын тамашалады. Мерекелік кеш балаларға көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер сыйлады. Барша қатысушыларға жаңа жылдық шаттық пен жарқын көңіл күй тілейміз!

https://www.instagram.com/reel/DSnOibmDEVO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==